



ҚАЗАҚСТАН – АЛБАНИЯ

Астана – Тирана арасында тікелей әуе қатынасы ашылады



ЖАЙЛЫ ҚАЛАЛЫҚ ОРТА

қалыптасып келеді



ОТАН – ҚУАТ, ОТБАСЫ – ШУАҚ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №107 (6400) 9 қыркүйек, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

МӘДЕНИЕТ МӘЙЕГІ

Алматыда «Kitap Fest Almaty 2023» кітап фестивалі өтеді



«ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ. ҰЛТТЫҚ ТІЛ. ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР»

Алматы қаласы әкімдігінің Мәдениет басқармасы және Алматы кітапханаларының қолдауымен өтетін іс-шараны «BAURZHAN foundation» қоры ұйымдастырып отыр.

Kitap Fest мәдени-көпшілік іс-шарасы 2014 жылдан бастап жыл сайын өткізіліп келеді және республикалық ауқымдағы алғашқы кітап фестивалі болып табылады. 9 жыл ішінде ол танымал қазақстандық авторлар мен баспалардың қатысуымен 200-ден астам кітаптың тұсаукесерін өткізген шығармашылық жазушылық кездесулер үшін таптырмас алаңға айналды.

Биыл Kitap Fest Almaty фестивалінің тақырыбы «Ұлттық әдебиет. Ұлттық тіл. Ұлттық дәстүрлер» деп аталды. Келушілерді ауқымды мәдени бағдарлама, қазақстандық жазушылар-

мен және танымал тұлғалармен кездесу, сонымен қатар, «Менің алғашқы ертегілерім», «Как оседлать единорога?» және «Татмақтар» және т.б. көптеген жаңа кітаптардың тұсаукесері күтеді.

Сонымен қатар, фестивальде «Ауылға кітап» дәстүрлі акциясы өтеді, онда кез келген адам кітапты Қазақстанның ауылдық кітапханаларына тапсыра алады. Іс-шара аясында қала тұрғындарына 5000 тегін кітап таратылатын бірегей «Кітап лабиринті» құрылады.

НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ:

«КІТАП – АҚЫЛЫНА АҚЫ СҰРАМАЙТЫН
АЛТЫН ҚАЗЫНА».

Әлішер НАУАИ.

ASEAN САММИТІ:

ҰЙЫМ ГЕОСАЯСИ ТЕКЕТІРЕСТЕН АЛШАҚТАЙДЫ

5–7 тамызда Индонезияның астанасы Джакарта қаласында ASEAN елдері бас қосты. Ұйымның биылғы төрағасы Индонезия 43-саммитті сәтті ұйымдастырды. Саммиттің қорытындысы бойынша ұйымға мүше мемлекеттер экономикалық интеграцияны одан әрі ынталандыру мен геосаяси текетірістен алшақ болуды жөн санады. Десе де, Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы стратегиялық әріптестерімен қарым-қатынасын одан әрі нығайтты.

ASEAN ТУРАЛЫ БІРЕП СӨЗ

ASEAN ұйымы 1967 жылы 8 тамызда құрылған. Оған оңтүстік-шығыс Азия аймағы елдері кіреді. Бастапқыда 5 мемлекеттің, Индонезия, Малайзия, Сингапур, Тайланд және Филиппиннің бастамасымен өмірге келді. Кейін аймақтық ұйымға Бруней (1984 ж.), Вьетнам (1995 ж.), Лаос және Мьянма (1997 ж.) және Камбоджа (1999 ж.) мүше болды.



Соңғы мәліметтерге сәйкес ASEAN халқының саны 665 млн-нан асты. Жер көлемі 4,5 млн шаршы шақырым. Ортақ ЖІӨ 9,7 трлн АҚШ долларынан астам.

Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы құрылуының басты мақсаты аймақтағы экономикалық, әлеуметтік және мәдени байланыстарды нығайту. Сондықтан саяси не әскери одақ дегенге келмейді. Биылғы өткен саммитте де осы мақсат қойыл-

ды. Индонезия төраға болған саммиттің басты тақырыбы ретінде ұйымды экономикалық өсім орталығына айналдыру таңдалды. Және де әлемдегі геосаяси текетірістерден алшақтау әрекеттері де байқалады. Себебі, аймақ елдерінің бірігуіндегі басты мақсаты экономикалық интеграция. Десе де, сауда-экономикалық салада негізгі стратегиялық әріптестермен байланысты одан әрі нығайтуда.

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

9.09.2023

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

10.09.2023

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





АВИАЦИЯ

ҚАЗАҚСТАН – АЛБАНИЯ

астаналары Астана – Тирана арасында тікелей әуе қатынасы ашылады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Албания президенті Байрам Бегаймен келіссөздер жүргізді.

Тараптар сауда-экономикалық, көліктік-логистикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықты

нығайтуға баса мән бере отырып, Қазақстан мен Албания арасындағы серіктестіктің негізгі мәселелерін талқылады.

Президент Астана мен Тирана арасында тікелей әуе қатынастарын орнату қажет екенін айтты: «Туризм, көлік, энергетика және басқа да салалардағы мүмкіндіктер туралы айта келе, астаналарымыз арасында тікелей әуе қатынасын ашу мүмкіндігін қарастыру қажет. Қазақстан өзара ынты-

мақтастықты дамытуға ниетті екенін тағы да атап өткім келеді. Біз нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін қолдан келгенін бәрін жасаймыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Келіссөз қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Байрам Бегай Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Тараптар екі ел арасында тікелей әуе қатынасын ашуға және авиациялық рейстер мен бағдарлар санын одан әрі ұлғайтуға мүдделік танытты.

«ХАНЧЖОУ – АЛМАТЫ»

Қытайлық әуе компаниясы Қазақстанға әуе рейстерін ашты

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы авиация мекемелерінің бірлескен жұмысының арқасында қытайлық «Loong Airlines» әуекомпаниясы «Ханчжоу – Алматы» бағыты бойынша алғашқы жолаушылар рейсін орындады.

Рейстер «А321» үлгісіндегі әуе кемелерімен аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері) жиілікпен орындалады. Жаңа әуе тасымалдаушының Қазақстан Республикасының әуе тасымалы нарығына кіруі, сондай-ақ жаңа әуе бағыттың ашылуы елдер арасындағы сауда-экономикалық, туристік және мәдени ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал етпек.



КЕРЕК ДЕРЕК

Ханчжоу қаласы – Чжэцзян провинциясының астанасы. Қала халқы 10 млн адам. 2023 жылдың 23 қыркүйегі мен 8 қазаны аралығында қалада 19-шы Азия ойындарын өткізу жоспарлануда. Ханчжоу қаласының әуежайы – Қытайдағы ең көп жұмыс істейтін 10 әуежайдың бірі. Әуе компаниясы Ханчжоу қаласында өтетін 19-шы Азия ойындарының ресми серіктесі болып табылады.

«Loong Airlines» – 2011 жылдан бастап жолаушылар мен жүк тасымалдайтын қытайлық авиакомпания. Бүгінгі таңда «Loong Airlines» 170-тен астам қаладан 600 ішкі және халықаралық жолаушылар және жүк бағыттары бойынша тасымалдауды орындайды.

АЛМАТЫ – ТЕЛЬ-АВИВ

Қазақстан мен Израиль арасында әуе қатынасы ашылды

«Әір Астана» әуе компаниясы Airbus 321 үлгісіндегі әуе кемелерімен аптасына (бейсенбі және жексенбі) 2 рейс жиілігімен Алматы – Тель-Авив бағыты бойынша рейстер ашты.

Қазақстан мен Израиль арасындағы әуе қатынасының ашылуы елдер арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, туристік және мәдени ынтымақтастықты дамытуды жеделдетуге мүмкіндік береді.

ҚР Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті ұшу географиясын кеңейту және халықаралық рейстер санын тұрақты негізде ұлғайту бойынша жұмыс жүргізуде.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ
818 білім беру грантын тағайындады

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры «Қазақстан халқына» білім беру гранттары қайырымдылық бағдарламасы аясында 818 білім беру грантын тағайындады. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі оқу ұйымдарында (ЖЖОКБҰ) күндізгі оқу бакалавриатының талапкерлері грант иегері атанды. Бағдарлама халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан талапкерлер үшін 2022-2023 оқу жылынан бастап іске асырылуда және жоғары білімнің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Конкурс ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардан аз қамтылған отбасылардан; жетім немесе көмексіз болғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған; мүгедектігі бар және мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан талапкерлер, сондай-ақ 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан ҚР азаматтарының балалары мен жараланған балалар; ТЖ кезінде зардап шеккен, қайтыс болған ҚР азаматтарының балаларына қарастырылған. Сондай-ақ, талапкерлердің ағымдағы жылғы ҰБТ нәтижелері бойынша оқуға түсу үшін (оның ішінде шығармашылық емтихандарды ескере отырып) қажетті өту балы болуы тиіс.

Бағдарламаға барлығы 84 ұлттық, мемлекеттік және жекеменшік жоғары оқу орындары қатысты. Үміткердің бағдарлама критерийлеріне сәйкестігіне талапкерлерді іріктеуді және Қордың білім беру гранттарын ұсынууды ЖЖОКБҰ конкурстық комиссиялары жүргізді.

Білім беру грантының иегерлеріне оқу жылына 1 миллион теңгеге дейін оқу ақысы төленеді. Сондай-ақ, 40 000 теңге көлемінде стипендия көзделген. Білім беру гранттары бүкіл оқу кезеңіне беріледі. Стипендия жазғы демалыс кезеңін қоспағанда, 10 ай ішінде (жыл сайын) төленеді. Гранттың артықшылықтарының бірі – «пысықтау» бойынша талаптың болмауы.

Білім беру гранттары талапкерлерге Бағдарламаның мына критерийлері бойынша беріледі:

- ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы аз қамтылған отбасылардан – 197 талапкер немесе 24,1%;
- жетім балалар немесе көмексіз болғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – 177 талапкер немесе 21,6%;
- мүгедектігі бар – 181 талапкер немесе 22,1%;
- мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан – 261 талапкер немесе 31,8%;
- 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде Қазақстан Республикасының қайтыс болған азаматтарының балалары – 2 талапкер;
- 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде жараланған балалар – 1 талапкер.

Гранттардың басым бөлігі мына мамандықтар бойынша тағайындалған: «мұғалімдерді даярлау» мамандығы бойынша – 130 талапкер, «қазақ тілі мен әдебиеті / орыс тілі мен әдебиеті», «шет тілдері» мамандығы бойынша – 67 талапкер, «құқықтану», «құқық», «құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша – 50 талапкер.



САРАПТАМА

Гипотезалар
шырмауынан шығу

Бұған дейін саясаткерлер, әлеуметтанушылар мен экономистер дамудың алғышарты ретінде ұсынған кейбір факторлар жаңа заманда күшін жойды. Айталық, даму үшін географиялық шарт-жағдай, климаттың жайлылығы, мәдениет пен тарих ұсынған артықшылық немесе ақыл-ой өлшемі, т.б. Міне, бұлар мемлекеттің экономикалық дамуындағы алғы шарт есебінде көрсетіліп келген. Әлеуметтану мен экономика ғылымының ең жаңа теориялары соның бәрі, шындап келгенде, гипотеза екенін көрсетіп отыр. Былайша айтқанда, бір мемлекеттің экономикалық дамуға жетуі, азаматтарының әл-ауқатының жақсы болуы мен болмауына жоғарыда аталған шарттардың ықпалы шамалы. Бұның арасында тіпті ұлттық менталитет те бар.

Әрине, менталитет демекші, кейбір елдерде жоғары өнімділікке бейім тұратын еңбек этикасы болуы мүмкін. Айталық, қытай, корей жұртында еңбексүйгіштік, қазақшалап айтқанда «тесікөкпе» табандылық ел дамуына өз ықпалын жасауы мүмкін. Әйткенмен, егер тура жолы таңдалмаса, оның бәрі жайғана өмірді сарп ету болар еді. Бірдей ұлттық менталитетке ие Тайвань мен материктік Қытайда, Оңтүстік пен Солтүстік Кореяда дамудың ұқсамаған деңгейі бар екенін білеміз.

Соған ұқсас, климат, географиялық орналасу сынды айырмашылықтар да пәлендей үлкен әсерге ие емес. Еуропа жұрты жайлы климат, қолайлы географиялық орналасуының нәтижесінде дамыған елдер қатарын қалыптастырған жоқ. Егер бұл артықшылықтар басты өлшем болатын болса, онда Батыс пен Шығыс Еуропадағы әлеуметтік жағдай, экономикалық өсім бірдей болуы керек еді. Сондықтан экономика мен әлеуметтану ғылымының жаңа көзқарастары қоғамға сіресе жабысқан бұндай гипотезалардан арылуға шақырады.

Мексиканың ұдайы тап
келетін тұйық жолы

Егер Мексика жұртының тарихынан алып қарайтын болсақ, өзімен іргелес жатқан АҚШ-пен көп тарихы, географиялық ортақтықтарының бар екенін білеміз. Тіпті, қазіргі

Еліміздің жалпы жағдайын байыпты бағалайтын болсақ, біз аса маңызды бетбұрыс дәуірінде тұрғанымыз анық. Соңғы жылдары мемлекет саяси және экономикалық реформаларды біртіндеп жүзеге асыру міндетін қойды. Бұны ерте, не кеш деп жатудан гөрі, оның қалай жүзеге асатыны және алдағы бағыты маңызды болуға тиіс. Мейлі қалай болса да даму, ол – мемлекеттің басты мақсаты. Ешбір ұлт өзі құрған мемлекеттің регреске кетуіне мақсатты жұмыс істемейді. Бірақ дамудың түрлі жолдары бар. Оның кейбірі қысқа мерзімде мемлекетті қарқынды дамытқан сыңайда болса да, түбі апарып біз қазір тап болған тығырыққа тірейтіні бар. Әлемдік тәжірибеде бұның мысалы жеткілікті. Гана, Мексика сынды елдерде көптеген тарихи құлшыныстар ел халқының әл-ауқатын көтеруде нәтиже бермеген. Сонымен, бұл елдерден, өзге де әлемдік тәжірибеден қандай сабақ алуға болады деген сауал ортаға шығады.



Мексика жерін еуропалықтар (испандар) қазіргі АҚШ-тан бір ғасыр бұрын отар ретінде аша бастаған еді. Бір дәуірде «ең өнімді» отарлық саясаттың бесігі болған Мексика ғасырлар бойы шикізаттық экспортқа ғана сүйенді. Бұндай экономикалық сүрлеу отарлық тарихты бастан өткерген барлық елдерде болды. Мексика 1810 жылы Испаниядан өз тәуелсіздігін алғанға дейін және одан кейін де кедейлік пен асқынған қылмыстық қоғамнан шығып кету үшін талай мәрте

құлшыныс жасаған. Бірақ о баста дұрыс қалыптаспаған саяси институттар дамуға қолайлы экономикалық институттарға жұмыс істеткен жоқ. Керісінше, әу бастан жер иелерінің мүддесі, ірі капитал өкілдері ғана күшейіп, жалпы халық есебінен байытыла беретін жүйе барған сайын орнықты. Мексикада қаншама президенттер ауысты, қаншама билік алмасты. Халық қолымен билікке жеткен қаншама саясаткерлер болды. Соның бәрі тұтас жүйені шырмаған саяси институттарды өзгертуге емес, керісінше бояма реформаларға ғана бой ұрды. Бұл түптің түбінде Мексиканы ұдайы қайталан беретін тұйық жолға салды.

Бүгінде бір ғана шекара сызығы бөліп тұрған екі штаттар бірлестігінде, екі Америкада әлеуметтік жағдайдың жер мен көктей екі түрлі қырын көре аламыз. Мексика қазір мемлекеттің байлығына қарамастан, халқы ауыр кедейлікте және қылмысқа толы қоғамда өмір сүретін елге айналып отыр. Құрама Штаттардағы экономикалық өмірге азаматтарға теңдей мүмкіндік беретін жағдай

ол елде жоқ. Осылайша бір шекараның екі жағында кейбір ұқсас халық та екі түрлі өмір сүру деңгейінде жасап жатыр. Бұл айырмашылықтың көзін қазіргі жағдайдан да, өткен ғасырдағы XIX немесе XVII ғасырдағы тарихтан да таба аламыз. Қай кезенді мысалға алсақ та, жауап біреу ғана – институционалдық айырмашылық. Яғни екі елдегі саяси және экономикалық институттардың екі түрлі жұмыс істеуі.

Әлеуметтік серпіліс дамуға
күш береді

Мексика мысалы көрсеткендей, институционалдық айырмашылық даму деңгейін көрсетеді. Алайда, неге барлық елдер институттардың жұмысын өзгертіп, даму жолына түсіп кетпейді. Бұл сұрақтардың жауабы күрделі болса да қарапайымдап жеткізуге болады. Егер институттарды өзгерту қажет дейтін ортақ көзқарас қалыптаспаған жағдайда бұл ешқашан жүзеге аспайды. Айталық, Мексикада өзіне қолайлы, мол пайда алып келетін әрі жұмыс істеп тұрған институттарды өзгертуге саяси билікті бақылаушылардың ешбірі мүдделі емес. Керісінше, осы жүйені одан сайын кемелдендіріп, тіпті ауқымды бақылау жасауға күш салады.

Демек, осындай әлемдік мысалдар біздің қоғамға үлкен сабақ береді. Қазір мемлекеттің ең жоғары жағында басталып жатқан өзгерістердің түп мәнсіні түсіну және оны дұрыс бағытта өрбуіне бақылаушылық ету қоғамның өз міндеті болып табылады. Сондықтан саяси және экономикалық институттардың жаңаша қалыптасуына деген ортақ әлеуметтік консунс қалыптастыру мемлекеттік дамуда қозғаушы жаңа күш болады.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

ASEAN саммиті:
ҰЙЫМ ГЕОСАЯСИ ТЕКЕТИРЕСТЕН АЛШАҚТАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Негізгі геоэкономикалық бағыттар

Аймақ өзге елдермен қарым-қатынасқа ашық. Алайда, бәрімен бірдей емес, әрі сауда-экономикалық салаға аса мән береді. Бүгінгі таңда ASEAN Аустралия, Канада, Қытай, ЕО, Үндістан, Жапония, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея, Ресей, Ұлыбритания, АҚШ елдерімен терең әріптестік орнатқан. Бірақ бәрімен бірдей деңгейде емес.

Аустралия, Қытай, Үндістан және АҚШ елдерін стратегиялық әріптес деп біледі. Бұл осы елдермен қарым-қатынасқа аса мән береді деген сөз. Мұны сауда айналымы да дәлелдеп отыр. 2021 жылғы мәлімет бойынша экспорттың

20% Қытайға жөнелтілген. Ал АҚШ-қа 19,1%. Бұл көрсеткіш бойынша Үндістан мен Аустралия сәл артта қалған. Алайда, аталмыш елдер аймақ үшін геостратегиялық тұрғыдан маңызды. Сондықтан олармен стратегиялық әріптестікті нығайтып келеді.

Импорт көлемі бойынша да 30%-бен Қытай көш бастап келеді. Келесі орында Жапония (9,83%). Бұл мәліметтер аймақтың Қытаймен терең экономикалық байланыс орнатқанын көрсетеді. Жалпы көрсеткішінде АҚШ, Үндістан мен Аустралия елдерімен тауар айналымы оң көрсеткішке ие. Себебі, импорт экспорттан аз.

Аймақ елдері сонымен қатар, белгілі бір салалар бойынша ғана өзге елдермен әріптестік орнатқан. Оларға Бразилия, Марокко, Норвегия, Пәкістан, Оңтүстік Африка, Швейцария, Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері жатады. Мысалы,

Бразилиямен аталмыш келісім 2022 жылы жасалған. Ол келісім бойынша азық-түлік қауіпсіздігі, орман және ауыл шаруашылығы, қалпына келетін энергия, цифрлық байланыс және өзге де салалар бойынша әріптестік орнатылған. Түркиямен терроризм мен экстремизммен күрес, туризм, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда байланыс орнатылған.

Түрлі аймақтық одақтар мен бірлестіктермен байланыс та бар. Әсіресе, Латын Америкасындағы сауда-экономикалық негізде құрылған аймақтық ұйымдармен әріптестік жоғары деңгейде. Олардың қатарында MERCOSUR (Аргентина, Бразилия, Уругвай, Парагвай, Венесуэла), Тынық мұхиты альянсы (Мексика, Перу, Чили, Колумбия, Коста-Рика) бар. Тіпті, ШЫҰ-мен де байланыс бар.

Көріп тұрғанымыздай, Оңтүстік-шығыс Азия елдері сауда-

Елдер	Экспорт	Импорт
Қытай	20%	30%
АҚШ	19,1%	8,51%
Үндістан	4%	2,93%
Аустралия	3,2%	3,04%

экономикалық салада белсенді саясат жүргізуде. Олар үшін басты қағида геоэкономикалық тиімділік болып отыр.

Қазақстан және ASEAN

Қазақстан мен Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің сыртқы саясаты ұқсас. Экономикалық тиімділік екі жаққа да ортақ саяси құндылыққа айналған. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, екіжақты әріптестікті нығайту тиімді. Алайда, бүгінгі күні жоғары деңгейде дамып жатыр деп айта алмаймыз. Оған көптеген фактор әсер етеді. Ең басты кемшілік – географиялық алшақтық пен теңізке шығу мүмкіндігінің жоқтығы. Содан шығар, олар біз түгілі Ресейді стратегиялық әріптес деп санамайды.

Соған қарамастан сауда-экономикалық әріптестікті нығайтуға болады. Ол үшін Вьетнам «кілт пен қаппа» болуы мүмкін.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ЖАЙЛЫ ҚАЛАЛЫҚ ОРТА ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесті

Аудан тұрғындары осы жылдың мамыр айында шаһар басшысымен кездесіп, «Саяхат», «Мехкомбинат» және 1-ЖЭО ауданындағы, сондай-ақ Рысқұлов пен Сейфуллин даңғылдарындағы сумен қамту және су бұру жұмыстарын аяқтау, «Кемел» ықшамауданында электр желілерін салу, «Айнабұлақ» ықшамауданындағы жылумен жабдықтау желілерін ауыстыру және т.б. өзекті мәселелер сөз болған еді. Қала басшысы бұл жолғы кездесуінде алдымен осы уақыт аралығында атқарылған жұмыстардың қорытындысы туралы баяндады.



Инженерлік желілерді модернизациялау жүріп жатыр

— Біздің жұмысымыздың басым бағыты сіздердің аудандарыңыздағы инженерлік желілерді модернизациялау болып табылады. Біздің негізгі күш-жігеріміз сонау 2019 жылғы басталған, жалпы ұзындығы 100 км-ге жуық сумен қамту мен су бұру бойынша екі тарихи проблемалық жобаны аяқтауға бағытталды, — деді қала әкімі.

Сонымен, «Алвис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудан көлеміндегі «Саяхат», «Мехкомбинат» және 1-ЖЭО ауданында ұзындығы 57,5 км желілерді салып, жол жабынын төсеу жұмыстарын аяқтады, енді оны осы жылдың қазан айында пайдалануға бергелі отыр.

Ауданның орталық және батыс бөлігін қамтитын (Сейфуллин – Солтүстік айналым – Рысқұлов – Боралдай көшелерінің шаршысында) сумен қамту және су бұру желілерін салу жобасын қолға алған мердігер «Электрремонт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сапасыз іске асыруы аудан тұрғындарының наразылықтарын тудырды. Әкімдіктің қабылдаған шараларының нәтижесінде 36 км-ден 31 км желі жұмыстары аяқталып, жол жабыны қалпына келтірілді. Енді қалған 8 км бойынша жөндеу жұмыстары осы жылдың қазан айының соңына дейін аяқталып, жол жабыны қалпына келтірілетін болады.

Қала басшысы өткен жолғы кездесуінде аудан тұрғындарына ұзындығы 80 км сумен қамту және 71 км канализация желілерін салу бойынша екі жаңа ірі инфрақұрылымдық жоба, яғни 14 км сумен қамту және 18 км су бұру желілерін салуды қолға алатынын айтқан еді.

Осы жылдың маусым айында бірінші жоба бойынша «Кемел» ықшамауданында ұзындығы 69 км (сумен қамту – 60,2 км, кәріз желісі – 8,7 км) жобаны іске асыру үшін «АлматыИнжСтрой» компаниясымен (жобалаушы «Бірлік» ЖШС), екінші жоба бойынша ұзындығы 82 км (сумен қамту – 19,4 км, канализация – 62,1 км) желілерді салу үшін мердігер «НКО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (жобалаушы «КазСанТехПроект» ЖШС) келісімге қол қойылды. Осы жобаларды тиімді іске асырудың арқасында «Кемел» ықшамауданы Солтүстік айналымның шығыс бөлігі мен Палладин көшесіндегі сайды орталықтан сумен жабдықтау және су бұру желілерімен қамту аяқталатын болды. Жалпы, келісім-шарттарға қол қойылған жұмыстар алдағы 2024 жылдың желтоқсан айында аяқталады. Қазіргі таңда аудан көлемінде ұзындығы 8,4 км жылу желілерін реконструкциялау жөніндегі маңызды жобалар қолға алынып, іске асыру жұмыстары басталды.

Сонымен қатар, осы аудан көлеміндегі «Айнабұлақ-2» ықшамауданындағы, Қазыбаев, Серіков, Ангарская, Мұқатай көшелері арқылы өтетін, жалпы ұзындығы 5,9 км «Айнабұлақ» жылу магистралін реконструкциялау жалғасып жатыр. Ал осы жылға жоспарланған 2,2 км жылу желілерін іске қосу жұмысы қыркүйек айында аяқталады.

Бұған қоса, ауданда Казаков және Бродский көшелеріндегі жалпы ұзындығы 2,5 км жылу магистралін жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оның 1,1 км-і қыркүйек айының соңына қарай аяқталады. Жалпы, екі жоба да 2024 жылы толығымен аяқталады. Осы жылы Колпаковский және Есенов көшелерінің бойындағы жылу магистралін реконструкциялау жұмыстарының аяқталуы №143 мектепті тұрақты жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар, Палладин – Павлодар – Боралдай көшелерінің шаршысында жаңа 6 трансформаторлық подстанция орнатылып, 21,5 км электр желісі жаңғыртылды. Жылдың соңына дейін «Кемелде» ұзындығы 43,5 км электр желісі жаңартылады.

Жол-көлік инфрақұрылымы жақсарды

Жетісу ауданындағы 18 көшеде 22 км жолға орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Қазіргі кезде жөндеу жұмыстары жүріп жатқан Омаров, Қазыбаев, Хожамьяров, Қазыбаев тұйық көшесіндегі жөндеу жұмыстары қыркүйек айында аяқталды. Ал қалған 14 көшедегі жөндеу жұмыстары қазан айында аяқталады.

Бұған қоса, аудандағы ұзындығы 2,7 км болатын 10 учаскедегі тротуарлар салу жұмысы осы жылдың қазан айында аяқталады.

Қоғамдық көлік жұмысының сапасын жақсарту және тұрғындарға ыңғайлы болу үшін 5 маршрутқа (№38, 69, 47, 113, 125) 102 автобус, жылдың соңына дейін 21 маршрут жаңартылады. Осылайша автобустар саны 332-ден 411-ге дейін көбейтілмекші. Қазыбаев және Серіков көшелерінің қиылысында бағдаршам орнатылып, іске қосылып, 3 бағдаршам құрылысының жұмысы басталды.

Солтүстік айналым көшесіндегі 2 бағдаршамды (Боралдай көшесінің қиылысы, Постышев көшесінің қиылысы) қараша айында қосу жоспарланып отыр.

Аудан көлеміндегі 5 жерүсті және 10 жерасты жауу жүргіншілер өткелін ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстар қыркүйек айының соңында аяқталуы тиіс.

Әлеуметтік инфрақұрылым ұмыт қалған жоқ

Өткен жылы №148 мектептің 300 орынды қосымша құрылысы басталған еді. Алайда, бұл құрылысты ағымдағы оқу жылының басында пайдалануға беру жоспарланғанымен, мердігер ұйым «СП Neft» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің міндеттемелерді орындамауы салдарынан 1 қарашаға дейін созылып отыр.

Биыл №103 мектепке 200 орынды және №112 мектепке 300 орынды жаңа корпусстар салу жұмыстары басталды. Бұдан басқа, «Айнабұлақтағы» 160 орынды балабақшаның құрылысы аяқталды. Қазан айында пайдаланылуға беріледі.

Халық денсаулығы – басты назарда

«Кемел» ықшамауданында бір ауысымда 200 адамды қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталды. Амбулатория өз жұмысын қараша айында

бастайды. Бұдан бұрын әкімдік емханалар салу үшін Омаров көшесінде ауысымына 300 адам, Нүсіпбеков көшесінде 200 адам және Рабочий елдімекенінде 240 адам келетін 3 ғимарат сатып алған еді. Биылғы жылы әкімдік оларды жөндеп, жабдықтауға 2 млрд (1,96 млрд) теңге қаржы бөлді.

Сонымен қатар, «Жұмысшы» кентіндегі емханаға жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Медициналық жабдықтар орнатылғаннан кейін желтоқсан айында ашылады.

Бұдан өзге, Нүсіпбеков және Омаров көшелеріндегі екі ғимаратқа күрделі жөндеу бойынша конкурстардың өткізілмеуіне байланысты жөндеу жұмыстары қараша айында басталады. Жұмыстар 2024 жылдың маусым айында аяқталады.

Жастар орталығы ашылады

«Жастар Комьюнити» орталығын ашу үшін Боткин көшесі, 16 мекенжайындағы ғимарат сатып алынған еді. Қазір жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Орталықтың ашылуы қараша айына жоспарланған. Орталық жұмысы негізінен жастарды, ең алдымен NEET санатына жататын жастарды жұмысқа орналастыру, оқыту және кәсіптік бағдар беруге, сондай-ақ психологиялық және заң көмегін көрсетуге бағыттайтын болады.

Қауіпсіздік мәселелері аса маңызды

Жетісу ауданының тұрғындары үшін де жайлы қалалық орта құру, көгалдандыру, абаттандыру және қауіпсіздік мәселелері аса маңызды.

Осы ретте биылғы жылдың тамыз айында ауданы 11,1 га 4 учаскеде (Жангелдин және Ратушный скверлері, «Құлагер» шағын-ауданындағы арбат, Райымбек даңғылының бөлу жолағы) автоматты суару жүйелерінің құрылысы басталды. Өз кезегінде бұл жұмыстардың ауданның жасыл келбетін сақтау үшін маңызы зор. Осы жылғы қарашаның соңына жұмыс толығымен аяқталуы керек.

Жетісу ауданы қаланың төменгі жағында орналасқандықтан, жауын-шашын кезінде су басатын учаскелер бар. Олардың санын азайту үшін қазір 27 учаскеде 26,5 км арық желісін реконструкциялау жұмыстары жалғасып жатыр. Бүгінгі таңда жалпы ұзындығы 10,5 км болатын 12 учаскеде жұмыстар аяқталды, биылғы жылдың соңына дейін ұзындығы 3,1 км болатын тағы 4 учаскеде жұмыстар аяқталады. Қалған 11 учаске бойынша жалпы ұзындығы 12,9 км жұмыстар 2024 жылдың III тоқсанында аяқталады.

«Халық қатысатын бюджет»

Жетісу ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 40 жоба (бірінші кезең – 17 жоба, екінші кезең – 23 жоба; 1,72 млрд теңге бөлінді) іске асырылуда. Осы жобалар арқылы «Кемел» ықшамауданы, Рысқұлов даңғылы – Гастелло көшесі бойындағы аулаларды, скверлер мен парктерді абаттандыру, «Құлагер», «Көкжиек», «Көк-майса» ықшамауданында жерасты қоқыс контейнерлерін орнату жобасы бар. Барлық жобаларды аяқтау осы жылдың қазан айына жоспарланған.

Сонымен қатар, «Көкжиек» ықшамауданындағы саябақ аймағын абаттандыру («Еңбек» ЖШС) және Есентай өзенінің бойымен Черновская көшесіне дейін жағалау аймағын жалғастыру («Агропром-энергоснаб-1» ЖШС) екі жобасын іске асыру басталды.

Аудандағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі. Адамдар көп жиналатын орындарда бейнемониторинг жүйелерінің желісін кеңейту жобасы аясында жылдың соңына дейін тағы да 750 бейнебақылау орнатылмақшы.

Қала әкімі кездесу соңында аудан тұрғындарының сауалдарына жауап берді.

Әзірлегендер
Рая ЕСКЕНДІР,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



№103 мектепке **200 орынды**
және №112 мектепке
300 орынды жаңа корпусстар
салу жұмыстары басталды.



«Кемел» шағынауданында
200 АДАМДЫ қабылдайтын
отбасылық-дәрігерлік
амбулаторияның құрылысы
аяқталды.



Жыл соңына дейін
21 МАРШРУТ жаңартылып,
автобустар саны
411-ГЕ дейін
көбейтіледі.



Ауданда
11 КӨШЕДЕГІ жолдарды
ағымдағы жөндеу жұмыстары
жүріп жатыр.



«Кемел» шағынауданында
ұзындығы **43,5 ШАҚЫРЫМ**
электр желісін жаңғырту
жұмыстары аяқталады.



Ауданның жасыл қорын сақтау
мақсатында тамыз айында ауданы
11,1 ГА 4 УЧАСКЕДЕ автоматты
суару жүйелерінің құрылысы
басталды.



ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚ

«Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлігі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып кіріссек, бұл – қолдан келетін шаруа. Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдыруы керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘДІЛДІК ОРНАСА – ЭКОНОМИКА ӨРКЕНДЕЙДІ

Біз «мемлекеттік бюджетті қорғау мәселесін» қарастырайық



Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Елдің алдағы жылы атқарар істерін бағамдап берді. Осыған орай білікті экономист Қайырбек АРЫСТАНБЕКОВПЕН сұхбаттасқан едік.

Заң мен құқық үстемдігі керек

– Әділетті Қазақстанды іс жүзінде қалыптастыру үшін қайтпек керек?

– Әділ қоғам орнату үшін бірнеше маңызды істерді қолға алған жөн. Біріншіден, заң мен құқықтың үстемдігі, макроэкономикалық жүйе, еркіндік мәселелері деп білеміз. Өркениетті елдерге зейін салсақ, үш басты еркіндікті қамтамасыз етеді. Осылардың біреуі шектелсе, орнын толтыратын компенсатор – заң мен құқық үстемдігі. Дәлірек, саяси, экономикалық, азаматтық қоғамның еркіндігі деп жіктеледі. Егер осы үш тепе-теңдік бірдей болар болса, онда Әділетті Қазақстан орнайды.

Заң мен құқық үстемдігінің де айырмашылығы бар. Заң үстемдігі дегеніміз – қолданыстағы заңдардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Ал қабылданған немесе қабылданатын заң шикі, олқы болса не істейміз?! Сондықтан да заң үстемдігінен гөрі құқықты басшылыққа алу керек. Құқық үстемдігі – экономикалық, саяси субъекті-

лерге байланысты билік дискриминациялық саясатты жүргізбейді деген сөз. Міне, осыны жолға қойсақ, әділ қоғам орнайды.

Қытайда азаматтық қоғамның еркіндігі шектелген. Бірақ оған қарамастан, Дэн Сяопин бастаған 40 жыл бойғы реформаның арқасында экономикалық өрлеу жүріп жатыр. Себебі, ҚХР әлгі шектеудің орнына заң мен құқықты пайдаланып, орнын толтырып отыр.

Бизнеске қолдау артуы қажет

– Жолдауда жүктелген тапсырмаларға көзқарасыңыз қандай, аталған міндетті жақын аралықта жүзеге асыруға бола ма?

– Бұл жолғы Жолдауды үш компонентке бөліп қарастыра аламыз. Нақтырақ, саяси құжатты бар, экономикалық, бюджеттік дер едік. Бұндағы басты бағыт – экономиканы 2 есе, сондай-ақ ЖІӨ 2 есе ұлғайту. Стратегиялық маңызы бар тапсырма Үкіметке жүктелді. Енді барша жауапкершілік, талап та соған тиесілі болады. Жеке өзімнің пікірім бойынша аталған тапсырмаларды іске асыру үшін бес қазық керек. Бірінші, экономиканы 2 есе ұлғайтудың бағдарлама-сын дереу әзірлеу керек. Екінші, кейбір тауар мен қызмет көрсету түрлерін бағалардың еркіндігіне жіберу қажет. Бұл дегеніміз – либерализация. Үшінші, қай жерде жеке сектор жұмыс істей алады, сол тұстан квазимемлекеттік сектор кетуі керек. Төртінші, экономикалық және құрылымдық бағдарлама жасайық. Бесінші, мемлекеттің қадағалау, бақылау функцияларын ретке келтірген дұрыс.

Біздің пайымдауымыз бойынша экономика онсыз да бес секторға бөлініп кеткен екен. Олар: шикізаттық, экспорттық, сауда, инфрақұрылым және ішкі нарыққа бағытталған секторлар. Демек, осы бесеудің арасында құрылымдық дағдарыстың белгілері пайда болды. Сол белгілердің орнын жауып отыратын бұрынғы компенсаторлар азайып кетті. Сөйтіп, бәсекеге қабілеттілігіміз төмендеп кетті.

Осыдан 1-2 жыл бұрын мемлекеттік органдардың 15-16 мың реттеу құралдары болыпты. Яғни жеке секторға ықпал етеді, қадағалай береді немесе ісін шектейді. Мұны 3 есе қысқартайық.

Ахаң өңдеуші өнеркәсіпті қолдаған

– Өңдеуші өнеркәсіп орындарын ашудың тиімділігі неде?

– Мұнай мен газ саласында жұмыспен қамту 5%-ға тең болса, ал өңдеу өнеркәсібінде 15–20%-ды құрайды. Жалпы ішкі өнімдегі үлес салмақтары бірдей. Осы арада өңдеу өнеркәсібі турасында алғаш рет бастама көтерген тұлға бар. Ол – Алаш қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов. Ұлы тұлға сонау XX ғасырдың басында экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін жандандыруды ұсынған екен. Ахаң 1913 жылы 15 тамызда «Қазақ» газетінде «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, қазақ сыртқа шикізатты шығарады. Ал сырттағы шикізаттан өңделген затты 5-6 есеге сатып алып жатыр. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп айтқан. Керемет ойлар. Сол мерзімнен 110 жыл өтсе де, өзектілігін жоймады.

– Экономиканы әртараптандыру дегеніміз не?

– Бізде экспорт 70% мұнай мен газға тәуелді. Негізі олай болмауы керек. Мысалы, мұнай саласынан түсетін қаржы 40% болса, қалғандары түрлі саладан болса дейміз. Бұның екі аспектісі бар. Бірі – сыртқы экономика, келесісі – ішкі экономика деп қарастырылады.

– Ұлттық банк төңірегінде бастамалар көтерілді, ақша-несие саясаты қалай іске аспақ?

– Енді бұл қызметке жаңа басшы тағайындалды. Бұйырса, жауапты ақша-несие саясаты жүргізіледі деп ойлаймыз. Соңғы кездері екінші деңгейлі банктер экономиканы қаржыландыру бойынша шегініс жасады. Мәселен, несиелеу экономиканың 8,5%-ын құрайды. Соны 20–30%-ға көтерейік.

Сырттан қайтқан активпен сыртқы қарызды жабайық

– Шетелден қайтқан активтердің бір бөлігін сыртқы қарызды жабуға жұмсай аламыз ба?

– Төлем балансын есептегенде Қазақстаннан шетелге 162 миллиард АҚШ доллар ақша шығарылыпты. Соны есептесек, осы күні 2 Ұлттық қор жасауға болатын көрінеді. Елімізге кірген қаржы көзін сыртқа кеткен активтермен салыстырсақ, тиын сияқты көрінеді. Егер кешенді шаралар қабылдап, әлгі ақшаның жартысын алып келсек, оған да шүкір болар еді. Осы қаржылар есебінен Қазақстанның сыртқы қарызын да жабуға болады. Ол жағы Үкіметтің құзыретіндегі мәселе.

Жыл сайын өсіп отыру қажет

– Халықтың тұрмысы жақсаруы үшін тағы не істеуіміз керек?

– Менің түсінігімде, халқымыздың әлауқатын көтеру үшін ең төменгі деп есептегеннің өзінде жылына 7,2% өсіп отыру қажет. Сол кезде осындай өсім халықтың барлық әлеуметтік жағдайын қамтиды екен. Ал егер 5% көрсеткішпен экономикалық өсім болса, 70% халықтың ахуалын жақсарты аламыз. Ал 3% ғана өссе, онда 40–50% жұрттың жағдайы оңалатын көрінеді.

Қазынамызды қорғауымыз қажет

– Дамыған елдердегідей бай-қуатты өмір сүруімізге не кедергі?

– Қазақстанның Араб елдері сияқты мұнай мен газ секторына тірелген экономикасы бар. Бірақ арабтар мұнайды Жаратқанның сыйы, рақымшылығы деп өте жоғары бағалайды екен. Ал Венесуэла сайтанның ойыны деп қабылдайды. Сондықтан дәл қазір біз де мұнайдың қадірін бағалай білуіміз қажет. Мұнайдан түскен халықтың қазынасын талан-таражға салмай, оңды-солды шашпай, ақылмен басқарайық.

Бір нәрсені шегелеп айтайын. Күн тәртібіне мына мәселені шығарайық. Біз «мемлекеттік бюджетті қорғау мәселесін» қарастырайық. Біздерде бизнес те бюджетке салмақ салады. ЕХРО–2017 сияқты ірі жобалар мемлекеттің бюджеті есебінен жасалды. Барынша қазынамызды қорғауымыз қажет. Сол себепті де, осы сұрақты басты басшылыққа алсақ, көптеген жақсылық тезірек жүзеге асар еді.

– Көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

ЖОЛДАУ – 2023: БАСТЫ БАҒДАРЛАР, МАҚСАТ-МІНДЕТТЕР

● *Реформаның басты мақсаты – экономикамыздың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу және 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайту, яғни 450 миллиард долларға жеткізу.*

● *Біз еліміздің байлығын, табысын азаматтарымыздың арасында әділ бөлуіміз қажет. Бір сөзбен айтқанда, экономикалық өсімнің игілігін әрбір азаматымыз көруі керек. Бұл – принципті мәселе.*

● *Қоғамдық тәртіпті бұзатын кез келген арандатушылық әрекетке қатаң тосқауыл қою қажет. Біздің негізгі мақсатымыз – заңды қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.*

● *Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдыруы керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз.*

● *Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек.*

● *Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады.*

● *Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде бірдей қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды.*

● *Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз. Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парызға адал болуға шақырамын.*

● *Берекелі бірлігімізді сақтап, табанды еңбек етсек, Отанымызды көркейтіп, ұрпаққа дамыған мемлекет ретінде табыстасақ, бабалар аманатына адалдық деген – осы!*

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





9 ҚЫРКҮЙЕК – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СҰЛУЛЫҚ КҮНІ

Қоңыр күздің басында, яғни 9 қыркүйек күні бүкіл әлем халқы Халықаралық сұлулық күнін атап өтеді. Дәл осы күнді әлем жұртшылығының тойлай бастағанына да біршама уақыт өткен. Дегенмен, соңғы кездері «Құрбылар күні», «Достар күні», «Амандасу күні», тіпті «көз-құлақ, мұрын күні» деген атаулы күндер көбейіп кетті емес пе? Бірақ сұлулықтың жөні бір бөлек, өйткені, ол әлемді құтқарады. Сондықтан дәл осы күні әдемі нәрсенің барлығы басты назарда болып, қарашығыңызда тек сұлулық салтанат құрады. Қысқасы, өзіңіз де, көзіңіз де демалады.

Мәселен, біздің елімізде алғаш рет «Қыз сыны» байқауы 1980 жылдардың соңынан өткізіле бастаса, әлемде ең алғашқы сұлулық байқауы 1888 жылы 9 қыркүйек күні Бельгияда өткізілген екен. Алғаш рет ұйымдастырылғанына қарамастан, халық өте көп жиналып, олимпиадалық жарыстан кем болмаған деседі. Ал арада біршама уақыт өткен соң 1946 жылы әлемнің космологтары жиналып, өз жаңалықтарымен бөлісу үшін CIDESCO (Comite International D'Esthetique Et De Cosmetologie) ұйымын құру туралы шешім қабылдайды. Сұлулықтың салтанат құрғаны емес пе, 1995 жылы кезекті дүниежүзілік CIDESCO конгресінде, 9 қыркүйекте Халықаралық сұлулық күнін атап өту белгіленді.

Сұлулық деген бір сиқыр...



Рита ЕЛЕМЕСҚЫЗЫ, визажист:

ӘДЕМІ БОЛЫП ЖҮРГЕН ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ

Оскар Уайлдің «Сұлу әйелдер болмайды: көріксіз және әдемі боянған әйелдер бар» деген сөзі, әсте, тегін айтылмаса керек. Ұзақ уақыттан бері сұлулық салонында еңбек етіп келемін. Алғашында осы жұмысқа «ыңғайлы жұмыс тауып алғанша істей тұрайын» деп барған едім. Келе-келе төселіп, өзім де үйреніп алдым. Ең бастысы, адамдарға сұлулық сыйлағанның өзі рахат екен. Салонға шаршап, асығып кірген қыз-келіншектердің әп-сәтте хас сұлуға айналып, риза болып бара жатқанын көрудің өзі бір бақыт екен. Айнаға қайта-қайта қарап, «мынау шынымен мен бе?» деп жатады. Осы салада жүріп, мен де біраз ой түйгендеймін. Шыны керек, әйелдердің дені тек мереке, той күндері ғана салонға келеді. Арамызда күнделікті өмірде де әдемі болып жүргенді қалап, макияжға жазылатын қыз-келіншектеріміз бар. Көп жағдайда, қыз-келіншектеріміз сұлулықты қаласа да, өздеріне көңіл бөлуге уақыты бола бермейді. Сұлулық салонының мақсаты – тек ақша табу емес, аруларымыздың әдемі болып жүруіне көмек көрсетіп, қолдау жасау. Сұлулық салонына қыз-келіншектер тек макияж жасап, шашын сәндеуге ғана келмейді. Шаш, бет күтіміне қатысты ақыл-кеңес береміз. Жалпы, макияждың бір түрі барлық әйелге жараса бермейді. Оның басты құпиясы, әйелдердің түр ерекшелігі, киім мен шаш үлгісіне байланысты. Сондықтан біз де кез келген қыз-келіншектердің өзіне жарасатын образын таңдап, ішкі-сыртқы сұлулығын айшықтауға тырысамыз. Олардың көңілін тауып, ойынан шығуға тырысамыз. Маған адамдарға сұлулық сыйлайтын өз жұмысым ұнайды.

Ермек АБЫЛАЙҰЛЫ, нейл-мастер:

ТЫРНАҚ КҮТІМІН ҚАЛАЙТЫНДАР КӨП

Мектепте жүрген кезімнен маникюрге көңілім ауды. Оған қызыққаным – апайымның шағын сұлулық салоны болды. Жазғы демалыста қосымша қаражат тапқым келді. Біраз мекемеге бардым. Мейрамхана, кафелерге баруыма ата-анам қарсы болды. Ақыры, апайымның салонына келіп, жұмыс жасай бастадым. Алғашында көмекші болдым. Кейін арнайы курс бойынша маникюр жасауды оқып, ақыры үйреніп те алдым. Қазір қолым бір сәтке де бос емес. Таңертеңнен кешке дейін жұмыстамын. Табысым да жақсы. Шынымды айтсам, тырнақ күтіміне жазылатын қыздардың осыншама көп екенін білмеппін. Әлеуметтік желідегі жұмыс парақшамнан былай да маған жазылатын қыздар жеткілікті. Болашақта осы мамандығымнан қол үзбей, жұмысымды жалғастыра беруді жоспарлап отырмын.

Дана ЕРКІНҚЫЗЫ, психолог:

ІШКІ СҰЛУЛЫҚҚА ЕШТЕҢЕ ЖЕТПЕЙДІ

Әрине, әркім өзінше сұлу. Бірақ өз әдемілігіне, сыртқы келбетіне көңілі толмайтындар да бар. Мұндай адамдар үнемі ішкі бәсекелестіктен көп зардап шегеді. Олар өздерінің әдемі екендеріне сенімсіз болады. Қиялындағы сұлудай болғысы келеді. Тіпті, кейбір әйелдеріміз сұлулық стандарттарынан тыс, фанатизмге түсіп, әдемі болу мақсатында үлкен күреске де дайын болады. Осылайша өз көркіне көңілі толмайтын қыздар әртүрлі сұлулық процедураларына тәуелді болып, әртүрлі заманауи трендтердің соңына түсіп кетіп жатады. Тіпті, сұлулық екен деп, асыра сілтеп жіберетіндер де болады. Кезінде аталарымыз «әсіре қызыл тез оңар» деген ғой. Басты мәселе сыртқы сұлулықта емес, өзін-өзі жақсы көруде.

Р.С. «Көріктінің барлығы көркем бола бермейді»

Шыны керек, адамның сыртқы сұлулығына қарап, баға беріп, жаны сұлу адамды танымай жатамыз. Бірақ ертеректен келе жатқан «көріктінің барлығы көркем бола бермейді» деген тәмсіл де текке айтылмаса керек. Дегенмен, кейде ақын ағамыздың «сұлу қызды көргенде, ақылды қызды аяймын» деген өлең жолы еріксіз ойға оралып жатады.

Рая
ЕСКЕНДІР.





ЕРТЕҢ – ОТБАСЫ КҮНІ

ОТАН – ҚУАТ, ОТБАСЫ – ШУАҚ

Елімізде қыркүйек айының екінші жексенбісі – Отбасы күні ретінде тойланады. Жанұя берекесін арттырып, шаңырақтың іргесін берік ету мақсатында аталып өтетін аталмыш мерекенің бұл күнде маңызы арта түскен.

ОТБАСЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!!!**ОТБАСЫ - ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ!****Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Адам баласына берілетін тәрбиенің бастауы отбасынан бастау алады. Сондықтан қазақ халқы үшін отбасы – қасиетті ұғым, қастерлі құндылық болып саналады. Дейтұрғанмен, қоғамда жанданудың әсерімен болып жатқан өзгерістердің бүгінгі отбасына өз әсерін тигізіп жатқаны анық. Өйткені, қазіргі қоғам отбасы құндылықтарын екінші орынға қойып, бірінші кезекке мансап пен жұмысты, табысты шығарды. Соның салдарынан бүгінгі ұрпақ отбасындағы ата-ана беретін тәрбиені көгілдір экраннан, әлеужеліден хәм қоғамнан көбірек алуда.

Шаңырағымыздағы ұлымыздың ізетті, қызымыздың ұятты болып өсуі үшін ұлттық тәрбиені уысымыздан

Бакытты әрі берік шаңырақ – берекелі қоғамның және мемлекеттің мызғымас тірегі. Отаншылдық пен жауапкершілік, парасаттылық пен ізеттілік, еңбекқорлық пен жасампаздық сияқты асыл қасиеттер ең жақын жандардың үлгі-өнегесі мен ықпалының арқасында қалыптасады. Ізгілік идеялары мен қағидаларына негізделген тұлға дүниетанымы ата-ана тәрбиесінен бастау алады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

шығарып алмаған абзал. Өйткені, сүттей ұйыған отбасында жылылық пен мейірімге бөленіп өскен ұл – иманды, қыз – ибалы келеді. Ондай балалар кейін азамат болғанда көпке үлгі боларлықтай істерімен қоғамға пайдасын тигізеді. Демек, тәуелсіз мемлекетіміздің одан әрі өркендеп, іргесінің нығайып, шаңырағының биік болуында әрбір қазақстандық отбасының қосар үлесі зор. Өйткені, отбасы – адами құндылықтардың, мәдениет пен адамгершіліктің бастау алатын рухани ортасы. Ұрпақтың ұлттық тәрбиеге сусындап өсетін, ел ертеңі үшін пайдасын тигізетін тұлға болып қалыптасуына негіз болатын киелі мекені.

Дейтұрғанмен, Отбасы күні мерекесі белгіленген бір күнмен шектеліп қалмаса керек. Өйткені, таңертең жұмысқа, кешке үйіңе қарай

асығып жететін отбасымен өткізген әрбір күнің бакыт!

Бүгінде мемлекет тарапынан елімізде отбасы институтына қамқорлық пен көмек үздіксіз көрсетіледі. Ана мен баланы қорғау, көпбалалы отбасыларына берілетін мемлекеттік жәрдемақылар көлемі жыл сайын артуда.

Алматыда айтулы мерекеге орай ұйымдастырылатын отбасылық тәрбие, оның маңызы, жарасымды жұптардың басқаларға үлгі көрсетуге тұрарлық тағылымды жайттары мен қызықты оқиғаларына толы байқау, концерт, челлендж секілді түрлі мәдени іс-шаралар көп ұйымдастырылады. Себебі, отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған мұндай іс-шаралардың рухани құндылықтарды жаңғыртуда маңызы зор екені сөзсіз.

• «Халқымыз қашанда шыққан тегінді білуге және отбасы құндылықтарын ұлықтауға айрықша мән берген. Бүгінде бұл қасиеттер ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқарады».

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

«ҚОЛЫ ҚИМЫЛДАҒАННЫҢ АУЗЫ ҚИМЫЛДАЙДЫ»

Елімізде соңғы кездері қарқынды өріс алған мамандық пайда болды. Бұрын ондайы шетелдің киноларынан көруші едік. Бүгінде жеткізу қызметі эп-сәтте керек-жарақты әкеліп, апарып тұр.

**«АТ ЖЕТПЕГЕН ЖЕРГЕ,
ХАТ ЖЕТІП ТҰР»**

Алматы – үлкен мегаполис. Бір шетінен екінші бұрышына жету қиын. Оның үстіне кептеліске қалсаңыз, онда көп күтуге тура келеді. Сондықтан аяқ жетпейтін жерге курьердің шамасы жетіп тұр. Осыдан бірнеше жыл бұрын елімізде «Яндекс», Glovo және Wolt сияқты сервистік компаниялары кіре бас-

тады. Бұрын тек Chocofood бар еді. Карантинге дейін сары, қызыл, көгілдір және жасыл сөмке асынған жас жігіттер қала пейзажының дағдылы бөлігіне айналды. Ал локдаун кезінде көпшілік үшін курьерлер азық-түлікті, тағам мен дәрі-дәрмекті жеткізіп беретін жалғыз мүмкіндік болды. Бір ғана Glovo компаниясының өзінде Алматыда шамамен 3500-ге астам



шабарманы бар екен. Бұл студенттерге таптырмас жұмыс күші болып тұр. Ата-анасына қол жаймай, өз нәпақасын тауып, қаржы жасап жүр. Нағыз құптарлық іс.

БӘСЕКЕ ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

Қазір неғұрлым еңбекті нәтижелі істесеңіз, соғұрлым табыс артық түседі. Баяғыда ауылда жүргенде егін-тегін, мал-мүлікке қарап күн көретін едік. Біреумен екінші кісі жарыспайтын. Жұрттың хал-ахуалы теңдей-тұғын. Ілуде біреу бай болмаса, жаппай жанталасу жоқ еді. Осылайша күндер өтті. Бейқам кез ешкімді алаңдатпады. Содан әлгі ата-аналардың бала-шағасы жетілді. Қалаға келушілер қатары артты. Сөйтіп, қызу тіршілік басталды.

Шыны керек, бұрын ешкім дүние табуды ойлай қоймады. Өмірбақи ауылда күн көреміз деп ойлаған болуы керек. Әйтсе де, ұрпақ ауысқан сайын бәрінің ой-өрісі өзгереді. Жастар өзінің әке-шешесі сияқты болғысы келе бермейді. Алып шаһарда тұрып, баспана, тәуір көлік сатып алып жетілігі келеді. Мүмкін болса, бизнеспен шұғылданып жүреді. Әйтеуір қарап жатпайды. Сондықтан баланы ауылда ұстап, қасымнан шықпа

дейтін дәурен келмestің кемесіне мініп кеткен. Сол себепті, жастарды бұғаттап, жолын бөгеген жөн емес.

Қазір кімнен сұрасаң да бәрінің айтары, отбасында жағдайы болмаған. Сөйтіп, ағайын-туысқа салмақ салмайын деп өз жөнімен күн көріп кеткен. Иә, қиыншылық, тоқырау жылдар өтті. Алайда, заман оңалғанда үй-жай салуға болар еді ғой. Көбісі қолдан қыш құйып, бірнеше жыл құрылыс материалдарын жинады. Сөйтіп, бас-аяғы 2-3 жылда үлкен там салды. Енді осындайға қарап қалай сүйсінбейсіз?! Дәп осындай жағдай өзіміздің басымызда да бар. Бір түсінгенім, үнемі бір жерден шықпаған адам басқаша ойлай да алмайтын сияқты. Өйткені, даму, көркею туралы айта қалсаң, ат тонын ала қашады. Ал одан кейін қайтіп даму болсын. Осындайды жасөспірім шағынан көрген бала ол жерде ешқандай өркендеу жоқтығын түйсініп, өз жолын тауып кетеді. Бір сөзбен айтқанда, «қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» демекпіз.

**АЛМАТЫ КӨЗ ЖАСЫҢА
ҚАРАМАЙДЫ**

Нағыз арпалыс ғасырын осы шаһардан байқай аламыз. Таңнан

кешке дейін жұмысқа жегілген бір адам. Бәрі қарбалас. Бір-бірімен таласқанда жағанды ұстайсың. Бірақ амал бар ма, өйтіп-бүйтіп күн кешу керек. Бұл өмірдің жазылмаған заңы.

Алматыға ең еңбекқор жандар оқуға түсетін сияқты. Кімді қарасаң да, қарап жүрген жоқ. Жастар жан-жақты. Оқудан шығып, жеткізуші, даяшы, күзетші, көлік жуушы, аспаз және т.б. істерді атқара береді. Мақсат – өз-өзіне қаржы табу, ешкімге алақан жаймау.

Біздің көзімізге ең көп түсетін, ол – курьер. Оның қызметін қазақша түрлі атап жүрміз. Яғни атшабар, шабарман, жеткізуші деп қоямыз. Қалай атасақ та, қызметі бір ғой. Сонымен дереу зат, құжат, асуақат, сусын – түрлі-түрлі нәрсеге мұқтаж болып қаламыз. Өзіміз барайын десек, уақыт жоқ. Сөйтіп, жеткізу қызметіне жүгінеміз. Қолымыздағы смартфон нағыз көмекшіге айналды. Соған белгілі бір мекенжайды тереміз, ақырында ойлаған тапсырысты әкеліп береді. Бағасы әркімге әртүрлі болар. Алайда, таптырмас көмекші дер едік.

Соңғы кездері курьер қызметіне қатысты заңнамалық тұрғыда бірқатар жұмыстар қолға алынды. Сондай-ақ, жол ережесі және т.б. проблемалар оқтын-оқтын естіліп қалып жатыр. Бәрі өз жөнімен реттелсе екен.

Алматы шаһары студенттерге толды. Тіпті шетелдіктер де жетерлік. Осы мақаланы жазарда байқағанымыз, өзбек, қырғыз, тәжік ағайындардан келіп оқитын шәкірттер де сервистік қызметтерде жүр. Бірақ сөзге тартып едік, жоламады. Не үшін екені түсініксіз?! Тілді үйреніп алған, тіпті кейбірін біздің жігіттерден ажырата алмайсыз.

**Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Райс ДАНИЯР, Wolt жеткізушісі:

КУРЬЕРЛІК УАҚЫТША ТАБЫС КӨЗІ

Өзім студенттің. Өткен жазғы мезгілді тиімді пайдалануды дұрыс көрдім. Өзімде мoped те болды. Сондықтан осы жұмысты істеп көргім келді.

Негізі өзіңнің мopedіңіз болса, таптырмайтын іс. Бұнда айлықты 15 күн сайын береді. Бір ай күтіп сарылып жүрудің қажеті жоқ. Мұнда жеке кәсіпкер немесе келісім-шарт негізінде құжат түзіп істей бересіз. Сонымен қоса 15–21% салығын ұстап қалады. Бұл жұмыстың қиындығы да бар. Қалада жүргенде көліктер көп болса, жүру қиындайды. Кептеліс те сәл-нәл уақытыңды алып қояды. Ал жақсы тұстары, өзіңе жұмыс істегендей боласыз. Өзіңіз қалаған уақытыңызда жұмысты бастай аласыз.

Қазір кейбірі мoped, скутерлерді жалға алады. Шамамен аптасына сол үшін 28–32 мың теңге төлейді. Егер курьер таңнан кешке дейін талмай істесе 30–40 мың теңгеге дейін ақша табады. Сонымен бірге, бонус қарастырылған. Күндіз көбіне кофе, фаст-фуд, суши, пицца, әртүрлі тамақтарға тапсырыс береді. Осында істегеніме бірнеше ай толды. Егер жеткізуші орташа есеппен есептесе, бір айда 250–300 мың теңге төңірегінде қаржы таба алады. Осылайша жанұясын бағып жүргендерді де кездестіреміз. Күннің ыстық-суығына қарамай істейтіндерге таңырқап, іштей риза болып қаламыз.

Бұған дейін тойға шығып ән салып жүрдім. Караокеде де істедім. Техник болдым. Бір сөзбен айтқанда, әр жерлерде істеп келеміз. Болашақ мамандық бар. Бұйырса театрда солист боламын. Уақытша болсын жұмыс істеп, өзіме біраз қаражат жинауды көздеймін. Оның үстіне аздаған несиелер бар. Соны өтеу керек. Осылайша күн көріп жүрміз.



ФЕСТИВАЛЬ

КӨКТӨБЕ-ОПЕРА

ашық аспан астындағы классикалық өнер



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы әкімдігі Қала күнін тойлау қарсаңында Көктөбе саябағымен бірлесіп, алматылықтар мен қала қонақтары арасында жыл сайынғы «Көктөбе опера» ашық аспан астындағы классикалық өнер фестивалін өткізді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Фестивальде әйгілі симфониялық шығармалар, әлемдік классиканың опералық және балеттік шедеврлері, сүйікті фильмдердің, мюзиклдер мен оперетталардың композициялары мен әндері орындалды.

Сахнада Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының әртістері де өнер көрсетті. Тосын сый ретінде арнайы шақырылған қонақтар – әлемдік

опера сахнасының жұлдыздары да кештің көркін кіргізді.

– Өздеріңіз білетіндей, 9 рет Көктөбеде опера ұйымдастырылып отыр. Осы арада айтпақ дүниеміз, бұл Алматы қаласының ең тартымды іс-шараларының бірегейі. Былтырғы жылдан бастап аталмыш мерекелік іс-шара Қала күніне орайластырып жасалатын болды. Көктебеде қала тұрғындары мен қонақтарына ыңғайластырып ашық аспан астында, ешқандай билеттерді сатпай, ел-жұртқа қолжетімді болуы үшін жоғарыға көтерілетін кант жолында тегін

өткіздік. Сондай-ақ, автотұрақ та қарастырылды, – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

Қала қонақтары мен тұрғындары ғажап кештің куәсі болды. Келушілер, саяхаттаушылар қатары көп екен. Жұрттың бәрі мерекелік іс-шараны көріп маз-мейрам көңіл күйге бөленгендігі байқалды.

– Біз отбасымызбен Көктөбе саябағына келгенді ұнататынбыз. Жай күндері де көтеріліп, аралап, шаһардың келбетіне тамсанып қайтатынбыз. Бұл жолғы келуіміздің жөні бөлек. Көптен бері классикалық музыка, әсем әуен тыңдауға құмартып жүр едік. Соның сәті енді түскен сияқты. Жалпы осындай шат-шадыман күндеріміз көп болғай, – деді қала тұрғыны Қалтай Қаратаев.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ


Жыл басынан бері 7 мыңға жуық адам жұмысқа орналастырылды

Алматы қаласының еңбек ұтқырлығы мен мансап орталықтары жұмыссыздарды 13 қыркүйек күні сағат 11.00-де Панфилов және Жібек жолы көшелерінің қиылысында өтетін бос орындар жәрмеңкесіне шақырады.

Айнабай
МӘДИ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласының еңбек ұтқырлығы орталығының директоры Сағындық Кенжебаев хабарлады. Іс-шараға қаланың 160-тан астам кәсіпорны қатысады деп болжануда, олар 2000-нан астам жұмыс орнына 200-ден астам бос жұмыс орнын ұсынады.

«Қала күні қарсаңында, 13 қыркүйекте «Арбатта», яки Панфилов пен Жібек жолы көшелерінің қиылысында сағат 11.00-де жалпықалалық бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, жұмыс тапқысы келетіндерді, сондай-ақ маман болғысы келетін жұмыскерлерді жалпы қалалық бос орындар жәрмеңкесіне белсенді қатысуға шақырғым келеді», – деп



хабарлады қалалық еңбек ұтқырлығы орталығының директоры С.Кенжебаев.

Жыл басынан бері барлығы 22 мыңнан астам адамның қатысуымен 25 бос орындар жәрмеңкесі өткізілді. Осылайша 7 мыңға жуық адам жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, орталық жұмыс берушілері үміткерлерді іріктеу мен мекенжайы бойынша өзара байланыс жасайды. Бүгінгі күні электрондық еңбек биржасында жұмыс берушілер 4225 бос жұмыс орны бойынша хабарландыру орналастырды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап 21 865 адам жұмысқа орналастырылды. Соның ішінде тұрақты жұмысқа – 9370 адам, субсидияла-

натын жұмыс орындарына – 12 495 адам жұмысқа орналастырылды.

Пробация қызметінде есепте тұрған мүгедектігі бар адамдар, жетім балалар, әйелдер, алимент бойынша берешегі бар азаматтар мен жекелеген санаттағы азаматтардың квоталанатын жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға (анықтама үшін: квота бойынша мүгедектер – 1226, тұрақты жұмыс орындарына – 142, пробация қызметінде есепте тұрған адамдар және аз қамтылған отбасылар – 19, жетім балалар – 4, әйелдер – 11 231, жастар – 8518, алимент бойынша берешегі бар азаматтар – 12) ерекше назар аударылады.

Бұдан басқа, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары ретінде жұмыс берушілердің өтініші бойынша оқу орталықтары мен жұмыс берушілердің жұмыс орнында ұзақтығы 6 айға дейін оқыту жүргізіледі. Жобаға қатысушылар 50 мың теңге сомасына оқу ақысын төлеу бойынша мемлекеттік қолдаумен, сондай-ақ 20 949 теңге мөлшерінде стипендиямен қамтамасыз етіледі.

Жыл соңына дейін 21 мамандық (шаштараз, тігінші, массажист, аспаз, автоэлектрик, кондитер, бухгалтер, автослесарь, суретші, ағаш ұстасы, тас қалаушы, т.б.) таңдаған мың адамды оқыту жоспарлануда. Қазіргі уақытта кәсіптік оқыту курстарына 704 адам жіберілді, тыңдаушыларды қабылдау жалғасуда.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Әуез әулетінің ғана емес, Алаштың аманатын арқалаған Мұрат Әуезов биыл сексенінші сеңгірінде. Соған орай, қара шаңырақ ҚазҰУ-дағы әл-Фараби кітапханасында мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті қаламгер, мәдениеттанушы ғалым, дипломат әрі филология ғылымының докторы, профессор Мұрат Мұхтарұлының 80 жасқа толуына арналған ауқымды мәдени һәм ғылыми жиын өткен болатын.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАРИХИ-МӘДЕНИ
САБАҚТАСТЫҚ

Мұрат Әуезовтің 80 жасқа толуына орай халықаралық ғылыми конференция өтті

Естай
БОЖАН

М.Әуездің мерейлі жасына арналған «Тарихи-мәдени үдерістегі сабақтастық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға алыс-жуық шетелден бірталай қонақ ат арғытып келіп ой бөлісті. Сол қатарда ғалымның ғылымдағы саптастары, әдебиеттегі қаламдас-тары, өмірдегі жора-жолдастары мен отбасындағы жанашыр жақындары да болды. Олар қадірлі қайраткерді мерейтойымен құттықтап, өздерінің жүрекжарды лебізін арнады, әрі еңбек және өмір жолына айрықша бағаларын берді.

Ауқымды іс-шараның ресми бөлімін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев арнайы құттықтау сөзбен ашты. Қайраткер ғалымның өмірі мен еңбек жолына, атқарған абыройлы қызметтеріне жоғары баға берген Жансейіт Қансейітұлы сөзінің соңында салтқа сай білім ордасының атынан Мұрат Мұхтарұлының нығына шапан жауып, сый-сияпатын табыстады. Алқалы топтың алдында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының қолдауымен жарық көрген Мұрат Мұхтарұлының түрік тіліндегі «Birliktelik» (Бірлік) кітабының тұсауы кесілді.

Бұдан кейін кезек тиген қала әкімдігінің өкілі де соған ұқсас ілтипатын білдірді. Сый-сияпаттар осыдан кейінгі барлық құттықтау сөздерімен бірге мерейтой иесінің қолына табысталды. Солардың арасында Татарстан Жазушылар

одағының төрағасы Рқайл Зайдуллин табыстаған айрықша сыйлық та болды. Мәдени-әдеби тарихымызда айрықша аталатын әйгілі «Қазан» баспасында басылған «Құран-Кәрімді» татар қаламгерлері атынан табыстаған Рқайл Зайдуллин өзінің ана тілінде, тебіреніске толы баяндамасын да жасады. «Рухи әйдәман» деп аталған баяндамасынан бауырлас ұлттардың ортақ үні, ыстық пейілі аңкып тұрды.

Құттықтау сөздің мінберінде ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы, қырғыз ағайын атынан Сұлтан Раев, өзбек ағайын атынан Сафар Абдулло, Нидерланды жұртынан жеткен күйеу баласы Роберт Эрмерс қатарлы шетелдік қонақтар, Марат Сембі сынды қатарлас қаламгерлер де болды.

Түс әлетінен кейін шараның ғылыми бөлімі шымылдық ашып, «Тарихи-мәдени үдерістегі сабақтастық» тақырыбында көс сессиядан тұратын талқылау отырысы өтті. Алғашқы сессияны ғалым әкенің жолын жалғаған Әуезова Зифа-Алуа Мұратқызы бастап ашты. Онда Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Нидерланды, Түркия қатарлы елдерден жеткен және отандық зерттеушілер, шығыстанушы, мәдениеттанушы ғалымдар қатысты. Олар М.Әуезовтің ғылымдағы, әдебиет пен өнердегі және дипломатиядағы еңбектерін түрлі жағынан талдады.

Айта кетейік, Мұрат Әуезовтің мерейлі 80 жасы қаңтардан бері республикамыз көлемінде аталып өтіп келеді.

КІТАП МЕРЕКЕСІ

МӘДЕНИЕТ МӘЙЕГІ

Алматыда «Kitap Fest Almaty 2023» кітап фестивалі өтеді

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

KitapFest Almaty
2023 аясында:

- «Жазушылар шатыры». Кітаптар тұсаукесері, авторлар мен жазушылармен сұхбат.
- «Кітаптар жайлы Offline». Қоғам қайраткерлері мен танымал блогерлердің кітап оқудың пайдасы және олардың сүйікті шығармалары туралы пікірлері және т.б.
- «Жазу өнері және шығармашылық үдеріс». Жас жазушылар мен баспагерлерге кітаптарды насихаттау құпиялары, авторлық құқықты қорғау туралы семинарлар мен дәрістер.
- «Қазақ қаламгерлері». Қазақтілді жазушылар мен ақындармен сұхбат.
- «Оқырман ұлттың ұрпағымыз» көрмесінде жазушылар

мен ақындардың мұрағаттық фотосуреттерінен фотоколлаж ұсынылады.


- Миниатюралық кітап көрмесі. Қазақстанның Ұлттық академиялық кітапханасымен бірлесіп сирек кездесетін кітаптар көрмесі.
- Кітап жәрмеңкесі. Кітап дүкендері, баспагерлер және интернет-дүкендер өз кітап өнімдерін 20%-ға дейінгі жеңілдікпен ұсынады.
- «Кітап алмасу». Өз сөреңізді әртүрлі жанрдағы қызықты кітаптармен толықтырудың бірегей мүмкіндігі.
- Балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы. (Аниматорлар, ойын-сауық шоу-бағдарламасы, шеберлік сыныптары, бет бояуы, конурстар).

Кітап фестивалі сенбі күні, яғни 9 қыркүйекте «Арбатта» сағат 11.00-ден кешкі сағат 19.00-ге дейін болады.



● КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

Қазақ жұртында кенжелеу қолға алынған фотография саласын, жалпы фотоөнер мәдениетін дамытуға атсалысқан қайраткерлеріміз саусақпен санарлықтай...



«АҚ ПЕН ҚАРА»

фотожурналистика мэтрі
Сайлау Пернебаевтың
альбом-кітабы жарық көрді



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Осы үркердей топтың бел ортасынан табылған фотожурналистің бірі, марқұм Сайлау Пернебаев болатын. Шынайы өмірде «Тосыннан түсіргенде...» деген атпен ел жадында қалған фототілшінің олжа салмаған жанры кемде-кем еді.

Жаңа шыққан бұл кітапта қазақ фотожурналистикасын дамытуға елеулі үлес қосқан, бар ғұмырын осы салаға арнаған Сайлау Пернебаевтың 85 жылдық мерейтойы қарсаңында ел шежіресін фотоөнермен өрнектеген іріктелген туындылары беріліп отыр.

Альбом-кітапта фототілшінің әр жылдары камера көзімен қоғам келбетін кескіндеген туындылары мен елге танымал тұлғалардың суреттері топтастырылған. Сондай-ақ, фототілші туралы белгілі адамдардың, замандастары мен баспасөз саласында бірге қызмет еткен әріптестерінің естеліктері енгізілген.

221 беттен тұратын еңбек «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен жарық көріп отыр. Белгілі фототілші Асылхан Әбдірайымұлы мен Сайлау Пернебаевтың қызы Айнура Сайлауқызының атсалысуымен оқырманға жол тартқан кітапты белгілі ақын, Қазақстанның мәдениет қайраткері Әнуарбек Әуелбек құрастырған.

Тұтас бір тақырыпты көтере алатын, көзқарас пен пікірді, оқиғаны суретпен шебер бейнелей білген фототілшінің туындыларына көз жүгірткіңіз келсе, «Ақ пен Қара» кітабын оқыңыз.

Сайлау Пернебаев 1939 жылғы 26 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы Төле би ауданының (бұрынғы Ленгір) «Алатау» ауылында (бұрынғы «Қызылжұлдыз» колхозы) дүниеге келген. Әке-шешеден ерте айырылған ол тауқыметін тарта жүріп мектеп табалдырығын 1948 жылы аттап, 1952 жылы бастауыш мектепті тәмамдады. Сол жылы «Қайнар»

ауылының (бұрынғы Карл Маркс колхозы) жетіжылдық мектебіне қабылданып, оны 1955 жылы аяқтаған соң, Ленгір қаласындағы №3 шахтада вагон тіркеуші әрі кондуктор болып жұмыс істеді. Екі жылдан кейін Алматыдағы республикалық киномеханиктер дайындайтын бір жылдық курстан өтіп, Алматы облысының Қаскелең ауданына (қазіргі Қарасай) жолдама алды. Бір жылдан соң аймақтық «Ленин туы» газетіне фототілші қызметіне шақырылды. 1963 жылы республикалық «Қазақстан мұғалімі» газетінің республика бойынша фототілшісі қызметіне қабылданды. 1966 жылы қыркүйекте жарияланған жасырын конкурста түскен 12 адам арасынан жеңімпаз атанған ол республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне фототілші қызметіне орналасты. Ал 1981 жылы республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің арнайы шақыртуымен осы газетке ауыстырылып, зейнеткерлікке шыққанға дейін жемісті қызмет атқарды. Республикалық мандайалды газеттерде қызмет атқара жүріп жариялаған фотосуреттері одақтық газет-журналдар конкурстарында 16 дүркін Бас жүлдені жеңіп алды. Оның әралуан тақырыптарды қамтыған көптеген фотосуреттері әр жылдары «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», «Труд», «Литературная газета» газеттерінде, сондай-ақ Франция, Кубаның, Германияның газет-журналдарында сан рет жарыққа шықты.

Сайлау Пернебаев Қазақстан Журналистер одағының және Республикалық Кәсіподақтар комитетінің бірнеше рет сыйлықтарын еншілеген. Әлем мәдениеті мен әдебиетінің және Республика әдебиеті мен мәдениетінің, ақын-жазушылардың мыңнан астам фотосуреттері фототілшінің өз архив-қорында сақтаулы тұр. Сайлау ағаның сөзге шешендігі де, алып түсер айтқыштығы да бар еді. Оның осы қасиеті зиялы қауым арасында әлі күнге дейін аңыздай айтылып жүр.

● «АҚШАМНЫҢ» КІТАПХАНАСЫНАН

КӨЗБОЯУЫ ЖОҚ КӨРІНІСТЕР

КІТАП ПЕН ШАПАН

Жақынымның 70 жылдығында сөз сөйлеп, «әркім барын береді» деп жаңа кітабымды ұстаттым да, иығына шапан жаптым. Бәрін байқап тұрмын, жұбайы жалма-жан кітапты даяшылар тамақ қоятын үстелге тастай салды. Шапанды әспеттеп орап, қанар қапқа сүңгітті.

Адамзатқа кітап қымбат па, шапан қымбат па?

Осы сауал сұрау белгісі боп іліп тұр.

ТӨРТЕУ МЕН АЛТАУ

Шерхан Мұртаза Қазақ Телерадио корпорациясында төраға боп тұрған кездері бір хабар жүргізді (1990–1992 жылдар аралығы). Бейнетаспа айқын, бірақ дауыс көмескі, қалта телефонды қырық минут құлағыма тақап ұстадым.

Хабарға қатысушылар: Әнуар Әлімжанов, Қадыр Мырза-Әлі және Әбіш Кекілбай. Төртеуі төбедей боп төрде отыр. Шерағаң шамырқанып, кері кетіп бара жатқан заманның заңсыз себептерін іздеп, ұры қалтада қымқырылып бара жатқан байлықты өзгеге қимай ауырсына сөйлеп, «Ал сендер, не дейсіңдер?» деп әріптестеріне мойын бұрды. Негізгі тақырып – қазақтың ұлт ретінде өзгелерден оза шабуы екендігін де баса айтты.

Әнуар Әлімжанов негізі орыстілді қаламгер, елдегі саяси ахуалға жалпылама баға берді.

Қадыр ақын «Жаным – арымның садағасы, арым – малымның садағасы» деген қазақ макалына «арым – мансабымның садағасы» дегенді қосар едім. Қазір кәсіпті жете білмейтін білімсіздердің мансабы қатты етек алып кетті. Олар қызмет үшін әкесін де аямайды. «Қой маңырапты дейді, сойса қасап сойса екен» деп. Қазір қой соя білмейтіндер күшханаға директор, күріш пен бидайды ажырата білмейтіндер егін шаруашылығымен айналысатын өңірлерге әкім боп кетіп жатыр» деп біраз нақты мысалдар келтірді.

Сөз Әбіш Кекілбайға тиді. Әбекең аттай желіп отырып біраз мәселенің басын қайырды. Қазақтың табиғатты тап басатын алғырлығын, болашақты болжағыш шетелдік дипломы бар. Тек өзіміздің «Қасиет» деген қазақы дипломдарына тимеген.



мұнай тартып, көлік жүргізіп, күнін көріп жүрген қазақтарды көргенін, арада талай жыл өтіп, тәуелсіздік алғасын жұрттың өз жерінен жұмыс таппай шетелге жалданып, ауа көшкенін майдан қыл суыргандай маңғаз отырып жеткізді. «Бұған кім тыйым салады?» деген күретауы сауал сол сәтте көрерменнің көкейінде бүлкіл қаққаны айдан анық. Осындай аса қабілетті де ер мінез халықтың өз байлығына өзі ие бола алмауы қандай мінез-құлықтан туындаған мініміз екен деген жауапкершілігі көп жанашыр сөздің шылбырын Әбекең алысқа лақтырды. «Дұ-рыс, жөн сөз, енді басқалар не дер екен?», – деп жүргізуші Шерағаң әріптестеріне қарады.

Көп нәрсе айтылып, ұлтымыздың бүгініне баға беріліп, ертеңіне арнап тарам-тарам сызқарт сызылды.

Төртеу түгел отыр.
Алтау не дер екен?

ДИПЛОМ

Қадыр ақынның «Жаным – арымның садағасы, арым малымның садағасы» деген мақалға «арым – мансабымның садағасы» деген сөзді қосып қойса артық болмас еді» деп көгілдір экраннан айтқан сөзін құптаймын.

Қазір кейінгі жастар арды мансапқа айырбастап жіберді. Тіл мен халық дәстүрі олар үшін екінші кезектегі нәрсе. Бәрінің шетелдік дипломы бар. Тек өзіміздің «Қасиет» деген қазақы диплом қолдарына тимеген.

ӨМІР МЕН ӨЛІМНІҢ АРАСЫ

– Бір өлімнен қалдым. Бұ жалғанның айықпас дертіне анық көзім жетті, – деді 75 пайыз індеттен сауығып, қатарға қосылған туыстай боп кеткен құдайы қоңсым бір мал сойып, көрші-қолаңға ас беріп отырып. – Жансақтау бөлімінде жеті адам жатырмыз. Халім мүшкіл. Үш күннен кейін кісі тани бастадым. Бетім бері қараған кезде қасымдағы шашына ақ кірген қария сөз бастап, жөн сұрады.

– Қай жердің қазағысың?

– Сыр бойы...

– Руың не, жүзің қандай?

– Қыпшақ...

– Сені өліп қала ма деп едім, тірілейін дедің. Өлгенде бір қыпшақтың саны азаяр еді..., – деді.

Мен үн-түңсіз аспалы укол алуға әзірлене бастадым. Екі күннен кейін менің қамымды жеген қария о дүниелік болды. Тегін білмедім, қара желеңге орап алып кетті. Қазақтың саны бір адамға кеміді, өзіміз 13 миллионға ерең жеткенде... Су тамызып жатып та руға бөлініп, айықпас дертке шалдыққан қазағым-ай! Оу, дәм алып отырыңдар, менің тірі келгеніме қуанбайсыңдар ма? – деп жігіт ағасы көзінің астын сипады.

ШОҚ ГҮЛДІҢ ШЫНДЫҒЫ

Бір көрініс көңілімді күпті қылады.

Көрші үйдегі республика прокуроры Ғалым Елемесов, жазушы Сайын Мұратбек ескерткіш-тақталарының тұсы туған күндері мен атаулы мереке сайын гүлге толып, өліге деген құрмет өміршіркінге өрнек сап жатады. Бұл – жақын-жұрағат пен оқырманның ықылас-пейілі. Солармен қатар тұрған Фариза (Оңғарсынова) ақынның жансыз бейнесінің тұсы тап-таза, тек жаңбыр тамшысының ізі ғана байқалады. Ескерткіш-тақтаның астындағы гүл салғышта әркез қара торғай қонақтап отырады. Марқұм Есенғали туған күнінде бір рет гүл шоғын қойып кеткені есімде. «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз, Өмірде ақындардың бәрі жалғыз» деп аудиторияда күңіреніп жыр оқысақ та өлі рухқа тәу етуді ұмытып кетіп жүрміз.

Шоқ гүлдің шындығы осы.

Қуандық ТҮМЕНБАЙ.



МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ–130

ЖАСТАР РУХЫН
АСҚАҚТАТҚАН ТҰЛҒА

Биыл халқымыздың біртуар перзенті, Алаш қайраткері, ақын, публицист Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толып отыр. Заманның заңғар тұлғасының құрметіне арналған үлкен жиын Мағжан Бекенұлының туған жерінде бастау алып, барлық өңірлерде жалғасып жатыр.

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Білімге ерте ұмтылып, төрт жасында мектеп табалдырығын аттайды. Ерте хат таныған арда ұл, өз халқын оқу-білімге үндеп, елді бірлікке, татулыққа бастайды. Осылайша оқуға ынталы Мағжанды әкесі Қызылжардағы медресеге оқуға жібереді. Медреседе алғашқы білім әлеміне қадам басқан Мағжан шығыс тілдерін үйреніп, алғашқы өлеңдерін жазуды бастайды. Мағжанның ақындық таланты да осы кезде ашылады. Мағжан өз білімін Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде жалғастырып, бітіргеннен кейін Омбыдағы оқытушылар семинариясына оқуға түседі. Ерекше зеректігімен көптің көзіне түскен жас ақын бұл оқу ордасын да алтын медальмен бітіреді.

Мағжан Жұмабаев – қазақ халқының болашағы үшін күрескен Алаш қайраткерлерінің бірі. Мағжанның отты өлеңдері алыс ауылдарды аралап, қалың қазақтың рухын оятты. Сол рухты шығармаларымен өз халқын жігерлендіріп, өнер-білімге шақырды, елін татулыққа үндеді. Озық елдерден үлгі алып, жастарымыз оқып-білім алса деді. Сол жолда ерінбей еңбек етіп, көп күш жұмсады. Сол кездің салқыны Мағжан Жұмабаевқа да тиіп, талай мәрте қуғынға ұшырады. Қандай қиындықпен бетпе-бет келсе де алған бағытынан таймаған Мағжан солақай саясаттың құрбаны болды. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң ғана талай арда азаматтарымыздың атын атап, түсін түстеуге мүмкіндік алдық. Осынау егемендікке, бостандыққа ұмтылған күрес жолында жанын пиде еткен күрескер азаматтардың қатарында Мағжан Жұмабаев та бар. Мағжан шығармашылығын зерттеуге тек еліміз егемендік алғаннан кейін ғана мүмкіндік туды.

Жалпы, Мағжан Жұмабаев шығармашылығының басым бөлігінде халыққа білім беруге, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, аударма саласына айрықша мән берді. Мағжанның «Педагогика» атты кітабы және бастауыш сыныпқа арналған «Сауатты бол» атты оқулығы әлі күнге құндылығын жойған емес. Мағжан Жұмабаевтың аудармасы арқылы халқымыз Гете, Гейне, Лермонтов пен Блоктың өлеңдерін, М.Горький мен Д.Мамин-Сибиряктің әңгімелерін және басқа да ақын-жазушылардың шығармаларын таныды. Халқын, елі мен жерін жанындай сүйген Мағжанның «Батыр Баян», «Қорқыт», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Ертегі» поэмалары арқылы біз өз халқымыздың інжу-маржанын таныдық. Ақынның «Мен жастарға сенемін!» өлеңі кез келген жастың рухын көтеретін өлең. Тәуелсіз ел жастарының басқосу, форумдарының осы апен өтуі де сондықтан.

ҚАЛАДАҒЫ ҚОҢЫР КЕШТЕР

«МӘНГІЛІК ЕЛ – МӘРТЕБЕЛІ ТІЛ»

Жаңа оқу жылы енді басталғандықтан, мектеп оқушылары танымдық кештерді сағынып қалыпты. Содан да болар, Наурызбай ауданындағы №174 мектеп-гимназияда «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» атты шығармашылық кешке белсене қатысты.



Оқушылардың бойына тілдің құдіреттілігін дарыта отырып, ана тіліне деген құштарлықты арттыруды, туған тілді сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеуді мақсат еткен іс-шараның маңызы зор болды. Сонымен қатар, бұл күн «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген ұлағатты ой айтқан Алаштың арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орайластырылып отыр. Қазақ әліпбиінің негізін қалаған

тілдің нағыз жанашыры Ахмет бабамыздың туған күнімен Тілдер мерекесі қатар аталып өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында Ұлттық мүддені қорғауда Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл барын айтты. Президент қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала беретініне баса назар аударды.

Осы негізде еліміздің болашағы – мек-

тебіміз оқушыларының тілді құрметтеуге, тіл мәртебесін көтеруге атсалысып, белсенділік танытатыны қуантады. Тақырыпқа сай көркем безендірілген кең залда тіл туралы тамаша ойлар айтылып, шығармашыл шәкірттер бар өнерлерін ортаға салды. Қазақстан халқының мерекесі болғандықтан, әр тілде өлеңдер оқылып, өз тілін құрметтеп, өзге тілді де меңгеріп келе жатқан шәкірттердің өнері тәнті қылды. Ана тілін шұбарлап, өз тілінде сөйлей алмайтын дүбәра қазақтардың әрекетін сахналық көрініспен шебер көрсете білді. Рухты көтеретін, ұлттық намысты оятатын әндер шырқалып, күмбірлеген күйдің үні көңілдерді тербеді. Гимназия директоры Арнауыл Мұсразқызы жыл басындағы мерекелік шараға қатысқан талантты шәкірттерге алғысын айтып, жаңа оқу жылы шығармашылық жетістікке толы болуын тіледі. Осы кешті ұйымдастыруға мұрындық болған қазақ тілі пәні ұстаздарының және бірлігі жарасқан ұжымның да еңбегі ерен.

**Анар БАЙМҰРАТОВА,
№174 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**

«ҮЗДІК ПЕДАГОГ–2023»

СІЗ ДЕ ҮЗДІК АТАНЫҢЫЗ!



Елімізде 2012 жылдан бастап «Үздік педагог» республикалық байқауы өткізіліп келеді. Осы байқауға Алматы қаласының атынан қатысып, жеңімпаз атанған мұғалімдер қаншама. Он жылдан астам уақыт ішінде байқауға қатысқан үміткерлердің 620-сы жеңімпаз атанып, 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сыйақы алды. Қазіргі кезде 217 мың мұғалім жаңа жүйе бойынша аттестаттау қорытындысымен негізгі жалақыға қоса тағы да қосымша ақы алады. Қазір Алматы қаласы мектептерінің ұстаздары

«Үздік педагог» байқауының аудандық кезеңінен өтті. Барлық жеңімпаздарға ауданның «Үздік педагогі» атағы беріліп, куәлік тапсырылды.

Конкурстың II кезеңіне жолдама алған педагогтардың еңбегін бағалау үшін Алматы қалалық Білім басқармасы басшысының бұйрығымен қалалық комиссия құрылған еді. Аталмыш комиссия қала деңгейіндегі конкурстың жеңімпаздарын анықтап, III (республикалық) кезеңге қатысуға ұсынылатын педагогтар туралы шешім қабылдайды.

Қалалық кезең жеңімпаздарына Алматы қаласының «Үздік педагогі» атағы беріліп, куәлік тапсырылады. Байқаудың II кезеңнің қорытындысы республикалық комиссияға ұсынылады.

ТАЛАПКЕР

ӨЗ ТАҢДАУЛАРЫН ЖАСАДЫ

Биыл 190 мыңнан астам талапкер техникалық және кәсіби білім бағытында оқуға түсті. Олардың дені мемлекеттік тапсырыс негізінде тегін оқып, білім алады. Сонымен қатар, 10 мың студентті кәсіпорындар ұсынған еді. Жалпы, биылғы талапкерлердің аяқ алысы, мамандық таңдаудағы талғамдары көңіл қуантады. Олар геология, энергетика, металлургия және машина құрастыру, сондай-ақ

көлік, IT, құрылыс, педагогика және медицина бағыттарын тандаған. Негізінен басымдық та осы бағыттарға беріліп, грант саны 50 мыңға дейін арта түскен. Бұған қоса, 75 мың студент квотаның көмегімен оқуға түссе, жаңа оқу жылынан бастап шәкіртақы мөлшері 50 пайызға артып, студенттердің тегін тамақтанып, ақысыз жол жүруіне де жағдай жасалды.



НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ!

Қазақстанда нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында кәмелетке толмаған қазақстандықтарды есірткіге тестілеу мәселесінің де бар екені белгілі. Осыған орай, қазір еліміздің мектеп оқушылары арасында есірткіге скрининг енгізу мәселесі кеңінен талқыланып жатыр.



Бұл бастаманы қоғам да белсене қолдап отыр. Өйткені, жасөспірімдер арасында жаман әдетке бой ұрғандар саны артып, қатары көбейіп барады. Осыған орай, елордада өткен жиында ПМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Бақытжан Әмірханов оқушыларды есірткіге тестілеу 2024 жылдың

бірінші жартыжылдығында басталуы мүмкін екенін айта келе:

– Қазір заңнамалық негіз пысықталып жатыр, ол 2024 жылы дайын болады. Бұл мәселе әр адамға қатысты болғандықтан, заңнамалық тұрғыдан пысықтау өте маңызды. Оған қоса, мектеп оқушыларына қатысты болған соң өте күрделі мәселе. Осыдан

10 жыл бұрын, 2012 жылы мектеп оқушыларын тестілеу мәселесі көтеріліп, көптеген ата-ана қарсы болды. Бүгінде барлық ата-ана келісіп отыр. Бақылап отыру мүмкін болмағандықтан, дәріхана дәрілеріне тәуелділік бар болғандықтан, көптеген адам тексеріс жүргізілгенін қалайды, – деді.

Тағы айта кетерлігі, мектеп оқушыларын есірткіге тестілеу мәжбүрлі түрде жүргізілмейді. Бұл ретте алдымен оқушылардың денсаулығы тексерілгеннен кейін ғана барлық талдаудан, медициналық комиссиядан өткізіледі. Сосын қажет құжаттары жасалады. Медициналық тексеріске дейін психолог арнайы сұрақтар қояды. Қоғамдағы жегі күрт есірткіге тәуелділік десек, Қазақстанда есірткіге тәуелді 18 200 адам есепте тұр. Олардың 1500-і – әйел, 100-ге жуығы – кәмелетке толмағандар көрінеді. Құжатқа сәйкес, Қазақстанда 14–18 жас аралығындағы оқушылар арасында алкоголь және есірткі бойынша Еуропалық мектеп зерттеулер жобасының (ESPAD) әдіснамасымен жылына кемінде бір рет психоактив заттарды қолданудың таралуын бағалау бойынша тұрақты мониторинг рәсімін енгізу де жоспарда бар.

**Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.**

**Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының
«№5 Қалалық перзентхана» ШЖҚ МКК Директор бос лауазымына
байқаулық іріктеу**

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «№5 Қалалық перзентхана» ШЖҚ МКК бақылау кеңесі (*бұдан әрі – Бақылау кеңесі*), Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 28-үй, анықтама телефоны: +7 (727) 230-17-47, +7-705-777-23-03, e-mail: roddom5@mail.ru, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «№5 Қалалық перзентхана» ШЖҚ МКК «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР ДСМ-№305/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес және денсаулық сақтау саласындағы Бақылау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына байқау өткізу қағидаларында көзделген тәртіппен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы ҚР ДСМ-№58/2020 бұйрығымен бекітілген, директордың бос лауазымына орналасуға байқау жариялайды.

Байқауды өткізу күні:

1. Құжаттарды қабылдаудың басталу күні: **09.09.2023 ж., сағат 9.00-ден бастап.**
2. Құжаттарды қабылдаудың соңғы мерзімі: **24.09.2023 ж., сағат 9.00-ге дейін.**
 - осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде кәсіпорынға құжаттарды ұсыну;
 - бақылау кеңесі ұсынылған құжаттардың лауазымға, біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды және құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды.
 - бақылау кеңеспен әңгімелесу өткізу – кандидаттарды жіберу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Байқауды өткізу орны: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 28-үй.

Кәсіпорынның негізгі қызметі – медициналық қызмет.

Кәсіпорын басшысының негізгі лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №305/2020 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген міндеттерге сәйкес.

Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар:

Байқауға қатысушы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №305/2020 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген республикалық, облыстық, аудандық және қалалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) денсаулық сақтау саласында ақпараттандыруды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымы және (немесе) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы Республикалық маңызы бар ұйым басшысына (бас директор, директор) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Байқауға қатысуға ниет білдірген адам конкурсы өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №58/2020 ҚР ДСМ бұйрығымен көзделген құжаттарды ұсынады.

Байқауға қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарын кәсіпорынның кадр қызметіне қолма-қол тәртіпте, пошта арқылы немесе электрондық пошта мекенжайына электронды түрде жібереді: **roddom5@mail.ru**

Құжаттардың түпнұсқасы әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей тапсырылуы тиіс. Егер олар ұсынылмаса, адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен 15.08.2023 ж. «Медина» медициналық орталығы» ЖШС, БСН 060640009550 қатысты банкроттық рәсімін қолдану туралы Азаматтық іс қозғалды.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Сүйінбай даңғылы, 19-үй.

Тел.: +7 771 402 74 22.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!**ҰЛТ ТАҒДЫРЫНА
КҮЙЕ ЖАҒАТЫН ДЕРТ**

Сыбайлас жемқорлық – қазіргі таңда өршіп тұрған қоғам дерті. Бұның себебін іздесек, адамның моральдық құндылықтарының өзгергендігін байқаймыз. Адамдар пара беруі және алуға дағдыланғаны соншалық, сыбайлас жемқорлық шенділердің өмірінің бір бөлігіне айналды. Сыбайлас жемқорлық – бұл лауазымды тұлғаның өзінің билік өкілеттіктерін және оған сеніп тапсырылған құқықтарын заңнама мен моральдық ережелерге қайшы келетін жеке пайда үшін пайдалануы. Жемқорлық тәуекелдерінің деңгейін төмендету мақсатында мемлекеттік, құқық қорғау және сот органдарының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністері үшін мүмкіндіктерді барынша азайтатын жұмыстар атқарылуда. Өкінішке орай, бүгінде елімізде сыбайлас жемқорлық жағдайлары түгелдей оқшауланбаған. Халқымыз сыбайлас жемқорлықтың лауазымды тұлғалар арасында күн санап өршіп келе жатқандығына қарап, оның тамырына түбегейлі балта шабу мүмкін емес екеніне сенімді. Бұл жағдай біздің қоғамда шенеуніктерге деген сенімсіздіктің қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Егер бүгін әрқайсымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрар болсақ, онда бұл әділетсіз жолдың тұйықталуы әбден мүмкін.

Зерттеулерге сүйенсек, елімізден өзге әлемнің көптеген мемлекеттерінде сыбайлас жемқорлықтың әртүрлі өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан саясат пен құралдардың жалпы шараларын қолдануды көздейтін әмбебап тәсілдері бар елдерге қатысты сыбайлас жемқорлық пен басқару сапасы айтарлықтай ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін немесе мемлекеттік және жеке сектор қатысушыларына мүмкіндік беретін жергілікті жағдайларды зерттеп-талдау қажет. Елімізде ұлттық компаниялар сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспарларды әзірлеп, іске асыра бастады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді, кадр саясатының ережелерін анағұрлым ашықтық сипатына қарай қайта талқылады. Соңғы жылдары сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсылықты насихаттау ерекше қарқын алды және одан бас тарту деңгейін күшейтудің негізгі шартына айналды.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Қазақстанның әрбір азаматы өз ұрпағының болашағы алдында өз жауапкершілігін сезінуі және сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұра алар күшке ие болуы тиіс. Қазіргі қоғам талабына сай Отанымыздың болашағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігіне байланысты. Алайда, жемқорлыққа қарсы күрес шенеуніктер, мемлекеттік қызметшілер арасындағы паракорлық фактілермен және оған қарсы тұру үшін жаңа топтар құрумен шектелмейді. Бұл мемлекет өмірінің әртүрлі салаларында түбегейлі шаралар мен өзгерістерді талап етеді. Мемлекеттің болашағы бүгінгі өскелең ұрпақ десек, демек жемқорлықты түп-тамырымен жою күресі балабақшада отырған балаға адал іске деген ұмтылыс туралы тәрбие беруден басталмақ. Әрине, бұл жүйеде еліміздің басты тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға және осы күресті алдымен өз ортасынан бастауға дайындығы да үлкен рөл атқарары сөзсіз. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресте жалпыхалық болып жұмыла қарсыласқанда ғана жеңеріміз анық. Жемқорлыққа жол жоқ! Мемлекетті күйрететін, ұлттың тағдырына күйе жағатын дерттен қоғамды бірге арылтайық.

Қ.Е.ЖУСАНБАЕВА,

Алматы қаласы бойынша қазынашылық департаменті мемлекеттік бюджетті атқару басқармасының бас маман – бас қазынашысы.

**«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ**ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАН!**

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтынан немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz. қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
- * *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
- * *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**ЕГЕР:**

- * *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*
- * *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!*

**«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін**



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Естай БОЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ӨЗ СӨЗІМ – ӨЗІМДІКІ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫЖАҚСЫ СӨЗ
АЙТУДАН ЖАЛЫҚПАЙЫҚ

Егер әр адамның ниеті түзу, жүрегі ақ болса бәрі оң болады

Біз неге бірден жаман жағымызды немесе кемшіліктерімізді айтуға құмармыз осы... Қит етсе болды, әлеуметтік желіге абайсызда сөзден сүрінген шенеуікті, қапелімде аяғын шалыс басқан пенде мен ойланбастан қателік жасаған жанның әрекетін әшкерелеп, елдің талқысына салып жатамыз. Неге? Адам бір бәлеге әдейі ұрынайын демейді. Десек те, ешкім мінсіз емес. Жағымды-жағымсыз қасиет бәрімізде бар. Бірақ... соның барлығын жөн-жосықсыз жалпақ жұртқа жария етудің қаншалықты қажеті бар?..

Иә, әлеуметтік желі бүгінде мықты ақпарат құралына айналды. Желдей жүйткіген хабарды айналасы 5–10 минуттың ішінде-ақ алу қазір түк емес. Соның әсерінен біз қарауға тұрмайтын, мағынасы таяз, дәнегі жоқ арзан ақпараттар легін еш кедергісіз қабылдай беретін болдық. Алайда, бұл сөзім әлеуметтік желіні пайдасыз дегенді білдірмейді. Ғаламтордың жақсы жақтары баршылық. Кез келген ақпаратты – аудио және видеожазбаның қолжетімділігі, ақпарат іздеу мен алмасу, қайда жүрсен де бейне-қоңырау арқылы сөйлесу секілді артықшылықтары жетерлік. Әлеуметтік желіде көңілге түйіп, көкейге тоқитын сүбелі дүниелер өте көп. Мәселен, бүгінде басқа желіге қосылмаса да, ватсапты пайдаланбайтын жан жоқ. Смартфондарға арналған мессенджер үлкеннің де, кішінің де телефонында бар. WhatsApp арқылы тәрбиелік мәні бар құнды дүниелерді көбірек оқытынымыз рас. Ал Facebook желісін ұлттық мүдде тұрғысынан жазылатын құнды дүниелерді бір деммен оқудың мүмкіндігі мол. Онда салмақты ой, саралы сөз айтатын танымал тұлғалар мен от ауызды, орақ тілді ақындардың, сөз қадірін білетін, тілі шұрайлы журналист қауымының жазбаларынан ләззат аласың. Сондықтан Фейсбук ой-пікір алмасудың таптырмас құралы екені екібастан. Міне, бұл әлеуметтік желінің бізге рухани дем беретін пайдалы жақтары... Бірін айтып, біріне кетті деменіз, енді мен бастапқы айтар ойыма оралайын...

Қазір қолы қалт етіп босай қалған адам әлеуметтік бір шолып шығады. Бұл көріністі барлық жерден байқауға болады. Қоғамдық көлік, асхана, аялдама, т.с.с. Жалпы, өз басым, өзгенің оғаш қылығын, біреудің



артық әңгімесін тыңдап, көріп отыруға онша әуес емеспін. Сенсеңіз, әлеуметтік желідегі қаптаған «ақылгөйлердің» бірде-бірінің вебинарына қатысып көрмеппін, құлқым жоқ. Ондайға алтын уақытымды арнағым да келмейді. Бірақ анда-санда ватсаппен бейнежазбалар келгенде көруге тура келді. Шынымды айтайын, бірінен-бірі өткен сорақы бейнежазбаларды қарап отырып, өзгенің



емес, өз ұлтыңның мазакқа айналған қылықтарына ішім удай ашиды. Қазір бетің қызарып, жүзің ұялатын қаншама жайттар бар. Әсіресе, той-томалақтағы жастардың ерсі би қимылдарын, ұзын көйлек киіп алып, етегін алай бір, бұлай бір көтере билеген келіншектердің қылықтарын, арзан сөз, жеңіл күлкіге құрылған әзілдер мен асабалардың ұйымдастыруымен болатын ыңғайсыз

ойын түрлерін көріп жағанды ұстайсың. Сонда бұл бейнежазбалардан ел-жұрт қандай өнеге алып жатыр деймін де... Оны көрген жас бала кейін дәл сол ерсі биді «е-е-е, солай болады екен» деп қайталамасына кім кепіл?!

Иә, қазір барлығымыз әлеуметтік желімен тығыз байланыстамыз. Бірақ сол байланыс құралын өзгенің кемшілігін көрсетуге пайдаланатынымыз өкінішті. Мәселен, сіз өзіңіз жайында жағымсыз ақпарат жүктер ме едіңіз? Жоқ, әрине. Әсілінде, Сіз әлеуметтік желіге өзіңіздің бақытты екеніңізді көрсететін, әдемі бейнеңізді ғана саласыз. Таныс-тамырларыңызға өзіңіздің толыққанды өмір сүріп жатқаныңызды, шетел асып, жер көріп жүргеніңізді көрсеткіңіз келеді. Жұрттың Сізді жақсы жағыңыздан ғана танығанын қалайсыз. Жалпы, кез келген адам өзгенің көзіне бақытты көрінгісі келетіні қалыпты жағдай ғой... Алайда, біз сол әлеуметтік желінің қолдауынсыз-ақ бақытты бола аламыз.

Ащы болса да шындық. Арамызда өзін зор, өзгені қор санайтындар көп қазір. Өйтпесе, олар жаман жағымызды немесе кемшінін тұстарымызды жариялауға асықпаған болар еді... Оның орнына біз әлеуметтік желіге көпке үлгі болар іс тындырып жүрген азаматтарды, әдемі әдебімен ел сүйсінген келіндерді, талантымен таңқалдырған балақайларымыз жайында көбірек жарияласақ жөн болар еді. Өйткені, нағыз таланттар халық арасында жүр. Міне, солармен мақтанайық! Бұдан былай ағайынның жаман атын шығаратын бейнежазбаларға жол бермейік! Біз «жақыныңды жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін», «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дейді...» деген дана халықтың ұрпағы емеспіз бе?! Ендеше, «Жақсымызды асырып, жаманымызды жасырайық!.. Мүмкіндігінше жақсы сөз айтудан жалықпайық! Егер әр адамның ойы таза, ниеті түзу, жүрегі ақ болса бізде бәрі оң болады. Себебі, жақсы нәрсенің барлығы бізді жақсы ойға жетелейді. Ал жақсы ойдың шындыққа айналатынын сіз жақсы білесіз...

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ


ОЙЫҢЫЗ ТАЗА БОЛСА, ЖОЛЫҢЫЗ АШЫҚ!

Бір жолаушы шөл далада көп күн жүріп, кездейсоқ бір саялы ағашқа кездеседі. Ағаштың жанына барып, көлеңкесіне біраз отырады да, шөлін қандыруды ойлайды. Сол сәтте оның алдында су құйылған құмыра пайда болады. Жолаушы шошып қалады. Бірақ қатты шөл шыдатып тұра ма? Суды алып, ішеді. Шөлі қанған жолаушы «енді бір тамақтанып алсам ғой, шіркін...» деп ойлады. Сәлден соң алдына тамақ толы үстел пайда болады. Тамаққа тойып алған жолаушының демалғысы келеді. Демде алдында жататын орын пайда болады. Кенет оған «мұның бәрін кім істеп отыр, мүмкін бұл бір құбыжық шығар» деген ой келеді. Әп-сәтте алдында қорқынышты құбыжық тұрады. «Бұл мені өлтіруі мүмкін ғой» деп ойлады жолаушы, сол-ақ екен, құбыжық оны өлтіреді.

Ендеше, ойлаған ойымыз жақсы болсын. Бұл ойымыз таза болса, жолымыз ашық болады дегенді білдіреді!

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

АЙ-ХАЙ, АЛА ДОП!



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.